

Ұлы Жеңіске - 75 жыл

Жемқорлық — індет, жою - міндет



2-бет

АССАМБЛЕЯ -
татулық
темірқазығы

4-бет

Ұстаз ұлағаты



8-бет

СОТРУДНИЧЕСТВО
БЕЗ ГРАНИЦ



12 стр.

Мәңгілік ел жадында

«Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар! Мәскеуден сөйлеп тұрмыз!» Күн нұрына бөленген ашық аспанды қас-қағым сәтте қайғының қара бұлтты торлаған еді. Сол бір қасіретке толы күндердің, қыршыннан қиылған жастардың, өз сәбиін соғыс отынан күткен ананың, күдік пен үмітпен, арпалыспен өткен соғыстың біткеніне - 75 жыл.

1 ақпан университетіміз үшін айтулы күн болды. Олай деуге бірден-бір себеп - Жеңіс алаңындағы Мәңгілік алауда «Біз-Жеңіс мұрагерлеріміз! Мы - наследники Победы!» акциясының басталуы. Аталмыш акцияға Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен тыл ардагерлері, университетіміздің белсенді студенттері, арнайы шәкіртақы иегерлері мен профессор-оқытушылар құрамы қатысты. Шара Ұлы Отан соғысында «Елім үшін жан пида» деп жанын құрбан еткен ардагерлерді еске алумен бастау алды. Ары қарай сөз кезегі университетіміздің ректоры Серғалиев Нұрлан Хабиболлаұлына берілді. Ректор ардагерлеріміздің ерен еңбегі мен батылдығы мәңгілік жадымызда



екенін айта келіп, шараға қатысушы ардагерлерге өз алғысын білдірді. Сондай-ақ, физика-математика факультетінің студенттік ректоры, 3-курс студенті Жандос Мендешұлы мен филология факультетінің 3-курс студенті Айгерім Батырғали келешек ұрпақ үшін жанын қиған ардагерлерді мәңгілік ұмытпайтынын тілге тиек етсе, басқа да студенттер жан тебірентерлік өлең жолдарын оқыды. Өз кезегінде ардагерлер де ыстық ықыластарын білдіріп, ризашылықтарын жеткізді. Жиын соңында сұрапыл соғыста ерлікпен қаза тапқан жауынгерлерге гүл шоқтары қойылды.

Айта кетейік, акция жыл соңына дейін өз жалғасын табатын болады.

Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА,
филология факультетінің 2-курс студенті

Қайырымдылық — ізгі қасиеті

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Тарих экономика және құқық факультетінің Құқықтану мамандығының жанынан құрылған «Рухты жастар» қайырымдылық ұйымының «Бізге бір жыл» атты рухани есеп беру кеші өтті.

«Рухты жастар» еріктілер ұйымы - 1 жыл көлемінде көптеген игі істерді атқарып, факультетіміздің мақтанышына айналды. Кешке Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тәрбие ісі жөніндегі проректоры Дәрішева Тұймеш Малбағарқызы, Тәрбие жұмысы жөніндегі бөлімнің жетекшісі Ешимова Жанбота Есенғалиевна, Батыс Қазақстан облысы жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталығының басшысы Мейірбек Асқарұлы, Орал қаласы әкімдігі ақпараттық талдау және жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталықтың бөлім басшысы Жүсіпқалиев Дулат Нұрбергенұлы, «Харекет» қайырымдылық қорының Батыс Қазақстан облысындағы өкілі Мендешов Демежан Шынболатұлы, Батыс Қазақстан облысының «West Ymit» қайырымдылық ұйымының өкілі Кабаев Нұрсұлтан Жаксылықовтар келіп, ізгі ниеттерін білдіріп, ақ баталарын берді. Кеш қонақтары еріктілерімізге жігер беріп, алдағы жоспарларына сәттілік тіледі. Одан әрі шара концерттік бағдарламаға ұласты.



Аймақтық дөңгелек үстел

Биыл атаулы күндер өте көп. Соның бірі – Әл-Фараби бағамыздың 1150 жылдығы. Осыған орай Тарих, экономика және құқық факультетінде ойшыл, ғалым Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған «Қазақстан тарихы ғылымындағы Әл-Фарабидің орны мен маңызы» атты дөңгелек үстел ұйымдастырылған болатын.



Дөңгелек үстелдің мақсаты – Әл-Фарабидің ғылыми мұрасының көпқырлы қызметі мен өмірімен танысу. Осы дөңгелек үстелге алыстан ат терлетіп меймандарымыз да келді. Атап айтсақ, Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің профессоры Ахметова Ұлжан Төлегенқызы «Әл-Фараби және қазақ тарихы ғылымы» атты баяндамасын, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ доценті Хайдаров Есқайрат Ерболатұлы «Әбу Насыр Әл-Фарабидің ізгілікті қоғам жөніндегі идеялары» баяндамасын, Батыс Қазақстан инновациялық-технологиялық университетінің оқытушысы, философия ғылымдарының магистрі Шуренбаева Эльзира Әуезқызы «Әл Фарабидің шығыс пен батыс философиясына қосқан үлесі» атты баяндамаларын оқыған болатын. Сондай-ақ, БҚО тарихи-өлкетану

музейі директоры Ерсаяев Мирболат Бижанұлы «Музей қорларындағы ұлттық мұра» баяндамасын баяндап, бізге ерекше әсер қалдыра алды.

Дөңгелек үстелде Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ доценті, ҚР кафедрасының меңгерушісі Байбулсинова Альфия Сабырғалиқызы «Әл-Фараби мұрасы – түркі халықтарының өшпес мұрасы» атты баяндамасы мен Махамбет Өтемісов атындағы БҚМУ тарих мамандығының 2-курс магистранты Рамазанов Абылай Асқарұлы «Әл-Фараби іздеген қайырымды қала» атты баяндамаларын баяндады. Дөңгелек үстел соңында студенттерімізге де сөз кезегі беріліп, студенттер өз ойларын ашық жеткізді.

Бекзада БЕЙБІТҚЫЗЫ,
Ист-11 тобының студенті

Тәуелсіз еліміздің экономикасының дамуына кедергі келтіретін, қоғам дертіне айналған мәселелердің бірі – сыбайлас жемқорлық. Осыған орай Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) облыстық ақпараттық үгіт-насихат штабының мүшелерінің ұйымдастыруымен М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттеріне дәріс оқылды. Шараның басты мақсаты – сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы, сыбайлас жемқорлық ұғымын түсіндіру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларды жетілдіру, студенттер арасында заңдылық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәртіпті белгілеу, жемқорлық құбылыстарына қарсы тұруға тәрбиелеу.

Жемқорлық — індет, жою - міндет

Шараға облыстық ақпараттық үгіт-насихат штабының жетекшісі Нұрғали Қаршығаұлы, ардагер ұстаз Өтебай Құспанұлы, самбодан әлем чемпионы, университет түлегі Нұрбол Нәсіпкерейұлы, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл агенттігінің Батыс Қазақстан облысы бойынша Департаменті Сыбайлас жемқорлық профилактикасы басқармасының бас маманы Ринат Ғаниматұлы қатысты.

Шара барысында спикерлер қоғамдағы сыбайлас жемқорлықты жою маңыздылықтарын түсіндіріп, еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы жүргізілген жұмыстарға тоқталды. Ұстаздар мен студенттердің

мәдени корпоративтік, студенттің ар-намыс кодекстерімен таныстырып, көкейтесті сұрақтарға жауап берді. Сондай-ақ, қатысушылар сыбайлас жемқорлық саласындағы мәселелер бойынша сұрақтарды талқылап, барлығын осы бағытта белсенді ұстаным ұстауға және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті жоғары деңгейде көтеруге ат салысуға шақырды. Штаб жетекшісі Нұрғали Қаршығаұлы жемқорлыққа қарсы күресу үшін өсіп келе жатқан жас ұрпақтың, халықтың идеологиясын, ойлауын өзгертіп, студенттерге жоғары деңгейде білім мен тәрбие беріп, жоғары кәсіби білімі бар, бәсекеге қабілетті мамандардың жан-жақты дамуы керектігін айтып, қорытындылады.

АҚПАРАТТАР

АҒЫНЫ

■ Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті 31 қаңтар күні А.Н.Островский драма театрдың алаңында «Мы за Вакцинацию!» атты челлендж өткізген болатын. Аталмыш челленджге М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері де қатысып, өз үлестерін қосты.

■ Жуырда М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың филология факультетінде Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласындағы «Белсенділік қабілеті» бағыты бойынша «Махамбеттанушылар» атты квест ойыны өтті. Ойынның мақсаты – Махамбет өмірі мен шығармашылығын жас ұрпаққа насихаттау, тіл мәдениетін көтеру, талантты жастарды табу.

■ Тарих, экономика және құқық факультетінде оқытушы А.Б.Гарифуллинаның ұйымдастыруымен ИСТ-21, ИСТР-21 топтарының қатысуымен 1919 жылдың 17 желтоқсанынан бастап бүгінге дейін басылып келе жатқан «Егемен Қазақстан» газетінің бірінші санының жарық көру тарихы мен тағылымы» атты ашық тәрбие сағаты өтті.

■ Ақпан айының 4-жұлдызында Жаратылыстану-география факультетінің 1-3-курс ер жігіттерінің арасында «Құқық бұзушылық - заңды жауапкершілік» атты семинар-тренинг өтті.

■ 18 ақпан күні факультетіміздің «Дене шынықтыру және спорт», «Бастапқы әскери дайындық» мамандықтарының студенттерімен Құқық қорғау органының қызметкері, полковник Тайман Исмагуловичпен кездесу өтті. Кездесу барысында Қордай ауданында болған қақтығыс себептері түсіндіріліп, алдын-алу шаралары туралы сөз қозғалды.



Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Волонтерство - образ жизни

18 февраля в ЗКГУ им. М.Утемисова прошла выставка творческих работ «особенных» детей из спецшкол-интернатов с нарушением интеллекта, слуха и речи, приуроченная Году Волонтера. Каждый участник выставки постарался максимально выразить в работе свою творческую натуру. Организатором мероприятия является общественный фонд «Аялаған алақан». Данный фонд проводит бесплатное обучение по языкам, курсы живописи, рукоделия «особенным» детям на постоянной основе. А также студенты-волонтеры ЗКГУ на безвозмездной основе преподают физику, английский язык, математику, обучают игре в тогызкумалак, шахматам.

Мир глазами детей

«Огромное спасибо за приглашение. Для нас и детей это огромная честь. Спасибо руководству университета за то, что вы вкладываете душу, знания, любовь и заботу в своих студентов. Мы приглашаем вас вместе с нами объединяться: проводить познавательные мероприятия, мастер-классы для детей. Это не предполагает больших финансовых затрат, главное – ваше внимание, время и знания, которые у вас есть. Потому что

я знаю, что в стенах этого университета дают глубокие знания», - отметила руководитель фонда Хайрушева Рада.

Художественные работы передают огромный, богатый эмоциями, переживаниями и творческим поиском внутренний мир



детей, чьи способности превосходят возможности.

Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

Құқықтық статистика пәні енгізілді

М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Тарих, экономика және құқық факультеті Құқықтану мамандығының 2-курс студенттеріне құқықтық статистика пәні енгізілді.

Батыс Қазақстан облыстық құқықтық статистика басқармасының басшысы Жанат Жандулаевна «ҚР-дағы құқықтық статистика» тақырыбында аталған пәннің алғашқы дәрісін оқыды.

Дәрісте ҚР-дағы құқықтық статистика органдарының тарихы және олардың принциптері мен қызметтегі міндеттері туралы айтылды. Сонымен қатар, БҚО құқықтық статистика басқармасының қызметкерлері алдағы уақытта студенттерге дәріс оқитын болады. Осылайша білім алушылар басқарма қызметкерлерінің жұмысымен жақын танысады.



Жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, бұқаралық-көпшілік спорттың дамуына үлес қосу, спорт арқылы студенттердің бір-бірімен достық қарым-қатынастарын арттыру мақсатында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің I-IV курс студенттері арасында факультетаралық спартакиада өтті. 11-19 ақпан күндері өткен спорттық додада әрбір команда өз факультетінің намысын қорғап, қиын да абыройлы жолда шеберліктерін шыңдады.

СПОРТ - көркі өмірдің, досын, серігің

8 күнге созылған жарыс қорытындысы бойынша шахматтан:

- Физика-математика факультеті – I орын;
 - Педагогика факультеті – II орын;
 - Тарих, экономика және құқық факультеті – III орын.
- «Үздік ойыншы»** - Мардан Тіллә.
- Дойбыдан:**
- Физика-математика факультеті – I орын;
 - Филология факультеті – II орын;
 - Жаратылыстану-география факультеті – III орын.
- «Үздік ойыншы»** - Ақмарал Қуан.
- Эстафеталық ойыннан:**
- Тарих, экономика және құқық факультеті – I орын;
 - Мәдениет және өнер факультеті – II орын;
 - Филология факультеті – III орын.
- Үстел теннисінен:**
- Тарих, экономика және құқық факультеті – I орын;
 - Педагогика факультеті – II орын;
 - Физика-математика факультеті – III орын.

- «Үздік ойыншы» - Томирис Танирбергенова.
- Қыздар арасындағы футболдан:**
- Тарих, экономика және құқық факультеті – I орын;
 - Мәдениет және өнер факультеті – II орын;
 - Филология факультеті – III орын.
- «Үздік ойыншы»** - Айнара Тулеген.
- Ұлдар арасындағы футболдан:**
- Физика-математика факультеті – I орын;
 - Филология факультеті – II орын;
 - Жаратылыстану-география факультеті – III орын.
- «Үздік ойыншы»** - Жәнібек Нұрсұлтан.
- Арқан тартудан:**
- Жаратылыстану-география факультеті – I орын;
 - Физика-математика факультеті – II орын;
 - Филология факультеті – III орын.
- Қыздар арасындағы волейбол ойынынан:**
- Педагогика факультеті – I орын;
 - Жаратылыстану-география факультеті – II орын;
 - Филология факультеті – III орын.

Хабарланқыру!

Өткен 2019 жылы Батыс Қазақстан облысында терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабар беру бойынша 4 факті тіркеліп, оның бәрі ізі суытылмай анықталып ашылды.

Анонимдік хабарлама берудің негізгі мотиві мас күйіндегі азаматтардың бұзақылық ниеттері.

Атап айтқанда, жалған анонимдік хабарлама берген «Ш.А.» деген Орал қаласының тұрғынына «Терроризм актісі туралы жалған хабарлама» Қазақстан Республикасы Қылмыстық Кодексінің 273-бабы бойынша 2,6 жылға бас бостандығын шектеу жазасы тағайындалып, келтірілген шығындар (*жедел медициналық жәрдем, өрт сөндіру мен апаттан құтқару қызметтерін, жедел тергеу топтары мен арнайы жасақтарды шақырту мен жұмыс істеуі*) қайтарылды.

Ата-аналар мен жасөспірімдердің назарына! Аталған бап бойынша қылмыстық жауапкершілік 14 жастан басталады.

Терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабар беру көп жағдайларда адамдар арасында абыржу, тәртіпсіздік туғызады, мемлекеттік басқа да мекемелердің, кәсіпорындардың, көліктің бірқалыпты жұмыс істеу ырқын бұзады. Мұндай хабарламаға сенген мемлекеттік органдар, жекелеген адамдар әбiгерге түсіп, дайындалып жатқан террорлық актіні тойтару үшін ұйымдастырушылық-техникалық шаралар өткізуге мәжбүр болады.

Жергілікті халықтың назарына, терроризм актісі туралы көрінеу жалған хабар берген тұлға құқық қорғау органдарында бар заманауи техникалық мүмкіндіктер арқылы тез арада анықталып, құрықталады.

БҚО Терроризмге қарсы комиссия аппараты

«Үздік ойыншы» - Аяулым Дарибаева.

Ұлдар арасындағы волейбол ойынынан:

- Физика-математика факультеті – I орын;
 - Мәдениет және өнер факультеті – II орын;
 - Тарих, экономика және құқық факультеті – III орын.
- «Үздік ойыншы»** - Валентин Сажин.

Қыздар арасындағы баскетбол ойынынан:

- Филология факультеті – I орын;
 - Физика-математика факультеті – II орын;
 - Педагогика факультеті – III орын.
- «Үздік ойыншы»** - Жаннұр Умирбаева.
- Ұлдар арасындағы баскетбол ойынынан:**
- Мәдениет және өнер факультеті – I орын;
 - Педагогика факультеті – II орын;
 - Физика-математика факультеті – III орын.
- «Үздік ойыншы»** - Амандық Ғәділ.

Жалпы командалық есеп бойынша:

- Физика-математика факультеті – I орын;
- Филология факультеті – II орын;
- Тарих, экономика және құқық факультеті – III орынға ие болды.

Жеңімпаздар мен ойыншылар М.Өтемісов атындағы БҚМУ спорт клубының ауыспалы кубогымен, дипломдармен марапатталды. Байрақты бәсеке естелік суретке түсумен өз мәресіне жетті.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



Спорт – саулық кепілі

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері арасында Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығын атап өту, студент жастарды салауатты өмір салтын ұстануға шақыру, факультет студенттері арасында достық қарым-қатынасты нығайту, бұқаралық-көпшілік спорттың дамуына үлес қосу мақсатында спорттық жарыс ұйымдастырылды. Сайыскерлер баскетбол, дойбы, шахмат, асық ату сынды спорт түрлерінен бақтарын сынады. Қатысушылар әр спорт түрінен белсенділік танытып, жүйрік екендіктерін көрсете білді.



Сайысқа төрелік еткен әділқазылар алқасының шешімімен баскетбол спорты түрінен Педагогика факультеті жеңіс тұғырынан көрінсе, Физика - математика факультеті жүлделі II орынды, ал Филология факультеті III орынды қанжығасына байлады.

Дойбы спортынан Филология факультеті I орынды, Тарих, экономика және құқық факультеті II орынды, Физика-математика факультеті III орынды еншіледі.

Логикалық ой-өрісті машықтандыратын шахмат спортынан Тарих, экономика және құқық факультеті I орынды иемденсе, Физика-математика факультеті II орынға тұрақтады. Ал Филология факультеті III орынды еншіледі. Сондай-ақ, асық ату ойынында Мәдениет және өнер факультеті үздік атанды. Тарих, экономика және құқық факультеті жарыстың жүлделі II орынына, Филология факультеті III орынға табан тіреді.

Сайыс жеңімпаздары арнайы дипломдармен, сыйлықтармен марапатталды.

Белсенді жастар ой бөлісті

Ақпан айының 3-жұлдызында БҚО ҚХА этномәдени бірлестіктер және «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы жетекшілерімен кездесу өтті.



«Қазақстан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі Т.Шайхиев, «Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік саяси пәндер кафедрасының доценті К.Науанова, осы кафедраның аға оқытушысы С.Гиззатов, БҚИТУ «Филология» кафедрасының меңгерушісі М.Ажғалиев, ҚХА Кафедрасының, БҚО ҚХА ғылыми-сараптамалық тобының мүшелері, БҚМУ студенттері өз пікірлерін ортаға салды. Пленарлық мәжілісте «Ассамблея народа Казахстана: история и современность», «Этносаралық және конфессияаралық келісімді қамтамасыз етудегі ҚХА рөлі», «История создания АНК», «Ұлттық бірегейлікті сақтау-елдің тұрақты дамуының кепілі», «Роль этнокультурных объединений в воспитании и укреплении дружбы жителей ЗКО», «Мемлекеттік тіл – ұлттық бірегейлік сақтаудың факторы» тақырыптарында баяндамалар оқылды.

Абай мұрасы – мәңгілік қазына

Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына орай М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде білім алып жүрген өзге ұлт өкілдерінің арасында жыр желкенін көтерген, қара сөзден ескек ескен талантты дарын иесі, қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаевтың 175 жылдығына орай университетішілік «Абай оқуы» байқауы өтті. Аталмыш шараны «Рухани

АССАМБЛЕЯ -

«Тұңғыш Президент жолымен» халықтық экспедиция шеңберінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған бұқаралық эстафета шеңберінде М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде де көптеген шаралар ұйымдастырылған болатын.



Шараны университетіміздің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Түймеш Дәрішева мен кафедра меңгерушісі Тұрар Шайхиев ашты. Кездесуде «Еднання» украин этномәдени бірлестігінің төрағасы В.Тарасенко және орыс этномәдени бірлестігінің мүшесі Г.Калашникова өздерінің салт – дәстүрлерімен таныстырып, болашақтағы мақсат-міндеттерін айқындады. Сонымен қатар, «Қоғамдық келісім» КММ-сі басшысының орынбасары А.С.Туркина «Еріктілер» жылына байланысты алдағы уақыттағы жоспарлары мен мақсаттарымен бөлісті. Іс-шара соңында студенттер өздерінің алғыстарын білдіріп, ҚХА туралы көп мағлұмат алғандықтарын айтты.

Ұлттық бірегейлікті сақтаудағы ҚХА рөлі

«Тұңғыш Президент жолымен» халықтық экспедиция шеңберінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған бұқаралық эстафета «Ұлттық бірегейлікті сақтаудағы ҚХА рөлі» тақырыбындағы облыстық ғылыми – тәжірибелік конференциямен өз жалғасын тапты.

БҚО ҚХА төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Ф.Капаков, БҚО ҚХА төрағасының орынбасары, Бәйтерек ауданы этномәдени бірлестіктері ассоциациясының төрайымы В.Шохина, университетіміздің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Т.Дәрішева, «Рухани жаңғыру» институтының директоры А.Қыдыршаев, Жәңгір хан атындағы БҚАТУ «Рухани жаңғыру» орталығының директоры, ф.ғ.к, доцент В.Есенғалиева, университетіміздің



жаңғыру» институты, филология факультеті мен университетіміздің ғылыми кітапханасы бірігіп ұйымдастырған болатын.

Кеште алдымен «Рухани жаңғыру» институтының директоры Абат Қыдыршаев сөз алып, Абай әлемі, оның рухани бай мұрасы туралы кеңінен толғады. Одан әрі қатысушылар данышпан ақынның өлеңдерін мәнерлеп оқып, өндерін сазына келтіре шырқады.

Қазылар алқасы қатысушылардың көркем шығарманы таңдау және сауатты оқуына, таза сөйлеуіне, ән орындау шеберлігіне баса назар аударды. Байқау нәтижесінде



«Сазды орындау» номинациясы бойынша Тарих, экономика және құқық факультетінің 2-курс студенті Алина Нуркатова жүлделі I орынды иеленсе, Педагогика факультетінің 1-курс студенттері Анна Латышева, Евсюкова Наталья II орынды өзара бөлісті. Ал Жаратылыстану-география факультетінің 1-курс студенті Лилиана Батталова III орын иегері атанды.

«Мәнерлеп оқудан» бас жүлде Филология факультетінің 2-курс студенті Людмила Дейнаның еншісіне бұйырса, Мәдениет және өнер факультетінің 1-курс студенті Руслана Хван II орынды, Жаратылыстану-география факультетінің 3-курс студенті Мадина Артаева III орынды иемденді. Сайысқа қатысушылардың барлығы арнайы дипломдармен, Алғыс хаттармен, ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

ҚХА кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті

Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған шаралар легі 6 ақпан күні Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сарапшылық кеңесінің кеңейтілген отырысының жұмысына ұласты. Оған облыстық ассамблея төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Қапақов Ғайса Хамедоллаұлы, Қазақстан халқы Ассамблеясы кафедрасының мүшелері, этномәдени бірлестіктер төрағалары мен мүшелері, ҚХА «Жаңғыру



Эстафетаны табыс етті

7 ақпан күні «Тұңғыш Президент жолымен» халықтық экспедиция шеңберіндегі Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына арналған бұқаралық эстафетаның М. Өтемісов атындағы БҚМУ-дағы іс-шараларының жабылу салтанаты өтті.

Сахна шымылдығы оркестрдің орындауындағы «Жасай бер, Қазақстан» күйімен ашылды. Кейін сахна төріне көтерілген Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Қапақов Ғайса Хамедоллаұлы Қазақстан халқы Ассамблеясының 25 жылдығына орай құттықтау сөз сөйлеп, осы шараға белсене атсалысқан ұстаздар қауымын Алғыс хатпен марапаттады. Шара мерекелік концертке ұласып, оркестрдің орындауында Арам Хачатуряннің «Танец саблями», Абайдың «Тор жорға» күйі, «Туған жер», «Прилужки», «Родина моя» әндері шырқалып, «Қымыз мұрындық», «Қазақстан – ортақ үйіміз» билері биленді. Одан әрі БҚО әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ-нің сараптама-талдау бөлімінің басшысы Жумина Әсия Төлеубайқызы, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің «Рухани жаңғыру» орталығының директоры Есенғалиева Венера Әубекерқызы сөз алып, ақ тілегін арнады.

Кеш соңында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Дәрішева Түймеш Малбағарқызы аталмыш эстафетаны Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректоры Сұлтанов Ақылбек Ұзақбайұлына табыс етті.



татулық темірқазығы

жолы» жастар қозғалысы жастары, БҚО әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ қызметкерлері, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Жиынды М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің ректоры Нұрлан Серғалиев ашып, күн тәртібіндегі негізгі мәселелерге тоқталды. Одан әрі БҚО Қазақстан халқы Ассамблея төрағасының орынбасары, хатшылық меңгерушісі Капаков Ғайса Хамедоллаұлы «Қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделін қалыптастырудағы Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясының рөлі», ҚХА кафедрасының меңгерушісі, М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері Шайхиев Тұрар Төлегенұлы «Батыс Қазақстан облысы Қазақстан халқы Ассамблеясы ғылыми-сараптамалық тобының 2020 жылға арналған жұмыс жоспарының жобасы», М.Өтемісов атындағы БҚМУ әлеуметтанулық зерттеулер орталығының жетекшісі, философия ғылымдарының кандидаты, доцент Добряев Павел Анатольевич «Батыс Қазақстан облысындағы этносаралық ахуалдың мониторингі» әлеуметтік зерттеудің 2019 жылғы нәтижелері», БҚО әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» КММ-нің сараптама-талдау бөлімінің басшысы Жумина Әсия Төлеубайқызы «Қоғамдық келісім және жалпыұлттық бірлік бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру» мәселелері туралы сөз қозғады. Отырыс барысында ғылыми-сараптама тобының мүшелері барлық қаралған мәселелер бойынша ұсыныстарын айтып, пікір алмасты. Кеңестің қорытындысы бойынша айтылған ұсыныстарды ескере отырып, 2020 жылға арналған FCT жұмыс жоспарын бекіту, Қоғамдық келісім кеңестері жұмысының тиімділігін зерттеу қорытындысы бойынша дайындалған ұсыныстар мен ұсынымдарды қажетті жерлерге жолдау, тұрақты негізде FCT мүшелерінің атқарылған іс-шаралары мен басқа да ғылыми жұмыстарын БАҚ беттерінде тұрақты жариялап отыруды ұйымдастыру мәселелері шешілді.



Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

Тарихтан тағылым

Ешкім де, ешқашан да ұмытылмайды



Соғыс кезіндегі балалар мұздай қаруланған әкелерін соғысқа аттандырып, өздері бір-бір үйдің тірегі, бас-көзі, қорғаушысы болған еді. Сондай қиын-қыстау кезеңді бастан өткізген жандар жақында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің Педагогика факультетінде қонақта болды. Шараға қатысушылар алдымен Ұлы Отан соғысында қаза тапқан ерлердің рухын үнсіздікпен еске алды.

Педагогика факультетінің деканы Габдрахманова Шынар Тулегеновна сөз сөйлеп, Ұлы Отан соғысының елімізге әкелген қайғы-қасіретіне тоқталып, қайсар жауынгер ағаларының ерлігін бүгінгі ұрпақ, бүгінгі жастар үлгі тұтатынын, қазақ баласы азаматтық парызын адал атқаруды ұмытпағанын айтты. Одан әрі соғыс өртінің дауылдан кейінгі оттай дүлейленуін көрумен ерте есейген сол кездегі жас жеткіншектер, бүгінгі ардақты тұлғалар Темірболат Кубашев, Қамеш Исмагулов, Мерғали Құсайынов, Сағи Алдабергенов, Тілекқабыл Сағыновтар сөз кезегін алды. Кеш қонақтары тылда еңбек еткен жандар, аналар мен

бесіктен белі шықпаған балалардың соғыс қасіретін арқалай жүріп, бірде аш, бірде тоқ тынбай жеңіс үшін жұмыла жұмыс істегендіктері, Отан алдындағы борышын өтеуге аттанған жерлестеріміздің жанқиярлық ерлігі, соғыстың зардаптары, өз бастарының өткен оқиғалар жайында әсерлі әңгімелеп берді. Сондай-ақ, ардагерлер ел тыныштығы, еліміздің бейбіт болашағы жастардың қолында екенін айтып, ыстық лебіздерін білдірді. Өз кезегінде факультет студенттері де көкейлерінде жүрген сұрақтарын қойып, соғыс кезіндегі қиындықтар мен оның мақсат-мүддесі жайлы мәліметтерге қанығып, белгілі соғыстың беймәлім беттерінен хабардар болды.

Кездесу кеші концерттік бағдарламаға ұласып, студенттер рухты өрлетер әндерді шырқап, мың бұрала би билеп, қазақтың қара домбырасымен күй шертті.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА



2017 жылы сәуір айының 12-сінде қоғамдық өмірде ерекше орын алған Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» және 2018 жылы қараша айының 21-інде «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалық мақалалары жарық көргені мәлім. Бағдарламалық мақалалардағы негізгі бағыттар мен арнайы жобаларды орындау бойынша қоғамда кең көлемді жан-жақты жұмыстар бастау алды. Осы тұрғыда М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде де жоспарлы жұмыстар атқарылуда. Университет жанынан құрылған «Рухани жаңғыру» институты бағдарламалық мақалаларда көрсетілген бағыттар мен нақты жобалар бойынша әр оқу жылына кешенді жоспар әзірлеп, онда атқарылар іс-шаралар атауы, өткізілу форматы, іс-шараның негізгі бағыттары мен нақты жобалар арнасы, іске асыру нысаны, мақсаты, өзекті тезисі, тірек ұғымдары мен тірек дәйексөзі айқындалып, жауапты орындаушылар белгіленіп, орындалу мерзімі келісілді.

«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ»

бағдарламасының негізгі бағыттарын жүзеге асыру туралы



«Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы жұмыстың маңызды кезеңі - оның мақсаттары мен маңыздылығын студенттер қауымына кеңінен жеткізіп түсіндіру. Осы орайда университетте кең көлемді ақпараттық және ағартушылық қызмет атқарылды.

Қоғамдық Жобаны іске асыру ғылыми-әдістемелік және қолданбалы-тәжірибелік жағынан да қамтамасыз етілуі қажет. Осы бағытта БҚМУ-да әр деңгейдегі ғылыми-практикалық конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар және өзге де қилы формадағы ғылыми-әдістемелік шаралар ұйымдастырылды. Бұл тұрғыдағы маңызды бағыт ретінде ғылыми-әдістемелік мақалалар жарияланып, монографиялар мен оқу құралдары дайындалды. Мәселен, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында **10**-нан астам монография жарық көрсе, соның ішінде «Туған жер» жобасына қарасты 2019 жылдың өзінде **4** монография (*ауыл, қала тарихына, өңірдегі әдебиет, өңірдің географиялық жағдайы, т.б.*) басылым көрді;

Аталған қос бағдарламалық мақала бойынша ұлттық сананы жаңғыртудың **25** сатысы бағдарлана ұсынылған. Кешенді жоспарға биылғы 2019-2020 оқу жылының өзінде жоғарыда аталған бағдарламалық мақалалардағы бағыт-жобаларды түсіндіру, жүзеге асыруға орай **250** іс-шара жоспарланған. Мәселен, «Рухани жаңғыру» институты бойынша **2019 жылғы қаңтар-желтоқсан** айлары аралығында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында басты бағыттар мен жобалар негізінде ұйымдастырылған шаралардың кейбіреуі төмендегіше:

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Бәсекелік қабілет» бағыты бойынша 2019 жылғы қыркүйек айында педагогика факультеті «Бәсекелестік – биікке өрлеудің баспалдағы» тақырыбында пікіралмасу алаңын дайындаса, осы мерзімде мәдениет және өнер факультеті «Рухани жаңғыру - жастарға жарқын жол» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды.

- «Прагматизм» бағыты бойынша қазан айында «Прагматизм – рухани жаңғыруды жүзеге асырар жол» тақырыбында дөңгелек үстел әзірленіп, бұл бағытта жаратылыстану-география факультеті желтоқсан айында «Батыс Қазақстан облысындағы мұнай-газ кен орындарын игеруді дамытудың келешегі» тақырыбындағы Қарашығанақ П.б. компаниясының қызметкерлерімен дөңгелек үстел ұйымдастыра алды.

- «Ұлттық бірегейлікті сақтау» бағыты бойынша

2019 жылдың сәуір айының 12-сі күні М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласының жарияланғанына 2 жыл толуына орай «Ұлт санасының жаңғыруы және Ұлы дала құндылықтары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Ұлттық бірегейлікті жастар арасында сақтап дамытуда университетімізде «1 наурыз - Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күніне» орай ҚХА кафедрасымен бірге «Қазақ елі - ұлы достық мекені» атты байқау ұйымдастырылды. Атаулы күнге орай өткен байқауға **16 үміткер** қатысып бақ сынады. Олардың арасында өзбек, түркімен, неміс, шешен, украин, орыс халқының өкілдері бар. 2019 жылғы **31** қаңтарда М.Өтемісов атындағы БҚМУ-да Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың заманауи Еуразиялық идеясының 25 жылдығына арналған «Еуразиялық жол» («Евразийский путь») тақырыбындағы халықаралық дөңгелек үстел өткізілді. Халықаралық дөңгелек үстел жұмысына БҚМУ-дың профессор-оқытушылар құрамы мен Ресей Федерациясы Орынбор облысының ғалымдары қатысты.

- «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» бағыты бойынша 2019 жылы **25 қарашада** «Эволюциялық көзқарастардың қалыптасуы және дамуы» тақырыбындағы дөңгелек үстел ұйымдастырылды. 2019 жылы желтоқсан айында физика-математика факультеті «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» тақырыбында дөңгелек үстел әзірлеп ұсынса, қарашада педагогика факультеті «Эволюциялық көзқарастардың қалыптасуы және дамуы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырды; қарашада педагогика факультеті «Білімнің салтанат құруы – жастардың қолында» тақырыбында зияткерлік сайыс өткізе білді.

- 2019 жылдың ақпан айының 28-і күні «Сананың ашықтығы» бағыты бойынша «Рухани жаңғыру» институты және мәдениет және өнер факультетінің ұйымдастыруымен «Заманауи қазақстандық мәдениеттің сананың ашықтығына әсері» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

- Бағдарламалық мақаладағы келелі негізгі жобаның бірі – «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру» жобасы. Бұл тұрғыда университетте қомақты істер атқарылуда. Тақырыптық бірнеше конференциялар, дөңгелек үстелдер мен семинарлар ұйымдастырылып,

студент жастармен кездесулер өткізілді. БАҚ-та пікіралмасу және түсіндіру шараларына университет ұжымының өкілдері белсенді қатысты. Ақпан айының 27-сі күні «Жаңа әліпби негізіндегі қазақ тілі емлесінің ережелерін меңгертудің ғылыми-әдістемелік аспектілері» тақырыбында облыстық әдістемелік семинар ұйымдастырылды. 2019 жылы **11 қыркүйекте** «Қазақ тілі латын әліпбиінде» тақырыбындағы дөңгелек үстел ұйымдастырылса, **5 желтоқсанда** «Латын әліпбиіне көшу - болашаққа бастар бағыт» тақырыбындағы тренинг өткізілді.

- Университет ғалымдары мен дарынды студент жастардың талантын шыңдап, рухани шығармашылығын дамыту мақсатында **2019 жылдың қаңтар айынан** бастап университеттің «Өркен» газеті бетінде «Рухани жаңғыру» институтының «Рухани жаңғыру - «Ruhanı jangu» жаршысы ай сайын жарық көруде. Газет бетінде барлық басым бағыттар мен нақты жобалар бойынша аналитикалық талдау бағытындағы материалдар топтамасы беріліп келеді. Басылым бетінде «Тәуелсіздік ұрпақтары» акциясы аясында Сырым Датұлы атындағы шешендік өнерге баулу клубының (*Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор А.С.Қыдыршаев*) «Шешендік мектебі» - («Ораторская школа» - «Oratorical school») жаршысы жарық көруде. Мақсат - университетіміздегі шығармашылықпен жұмыс жасайтын талантты жастардың ішінен студент-жазушы, студент-ақын, студент-аудармашы, студент-эссеист, *т.б.* **100 жаңа есімді анықтау**; Сондай-ақ, «Тәуелсіздік рухты жас буын – ертеңгі үміт, сенімді тірек» акциясы аясында жастар жылына орай Баубек Бұлқышев атындағы жас журналистер клубының (*Ғылыми жетекшісі – п.ғ.д., профессор А.С.Қыдыршаев*); «Журналист» («Journalist») атты жаршысы жарық көруде; Бұған қоса университет ғалымдарының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы мақалалары «Үш қоңыр» республикалық әдебиет, мәдениет және өнер газетінде (Алматы қаласы), облыстық «Орал өңірі», «Жайық үні», «Ел және мұғалім» газеттерінде және «Өркен» газеті беттерінде жарияланып, онда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының негізгі бағыттары мен нақты жобаларына қатысты түсінік беру, рухани жаңғырудың мәні, маңызы және нәтижесі туралы публицистикалық материалдар топтамасы ұсынылуда.

- «Туған жер» жобасы шеңберіндегі ғылыми және ғылыми-танымдық экспедициялардың да орны ерекше.



Еліміз бен өз өлкемізді танып білуде университетімізде оқытушылар мен студенттерден құралған бірнеше ғылыми-танымдық экспедициялар ұйымдастырылды. 2017 жылғы тамыз айында жарық көрген «Қазақстанның жалпыұлттық 100 киелі нысаны» тізіміндегі өңіріміздегі ортағасырлық Жайық қалашығының аумағында 2019 жылы мамыр айының 27-сі мен маусымның 8-і аралығында М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың тарих, экономика және құқық факультетінің ИСТ-11, ИСТ-12-топ студенттері археолог оқытушы Яна Лукпанованың жетекшілігімен Орал қаласының маңындағы Желтау мекенінде, маусым айының 3-і мен 14-і аралығында ИСТР-11-топ студенттері магистр-оқытушы Д.Ж.Танзенов пен Ә.Марғұлан атындағы археология және этнология институтының археологы, т.ғ.к. Т.Мамировтың жетекшілігімен Тасқала ауданының Бірлік (Ешкітау) елдімекенінде археологиялық қазба жұмыстарын жүргізді. Қазба жұмыстары нәтижесінде табылған тас ғасырының бұйымдары зерттеліп, ғылыми айналымға қосылып, университеттің археологиялық мұражайына тапсырылды.

- «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы бойынша кешенді жұмыстар жүргізілуде. Бұл тұрғыда университетімізде тұрақты түрде археологиялық, өлкетану және географиялық экспедициялар ұйымдастырылуда. Музейлермен виртуалды түрде танысу бағдарламасы дайындалуда.

- «Туған жер» арнайы жобасы аясында «Туған өлкем – қандай көркем» тақырыбымен еліміздің облыстарын қамтыған туған өлке табиғатын географиялық жағынан зерттеу мақсатында жаратылыстану-география факультетінің студенттері, магистранттары мен жас ғалымдарынан құралған топ географ Д.Ж. Искалиевтың жетекшілігімен бірінші бағыт - 2019 жылдың мамыр айының 27-і мен маусым айының 8-і күндері Орал-Шымкент-Орал бағыты бойынша танымдық бағытта экспедицияға барса, екінші бағыт мамыр айының 21-і мен маусым айының 1-і аралығында географ А.А.Тұрғымбаевтың жетекшілігімен Орал-Нұр-Сұлтан-Баянауыл-Нұр-Сұлтан-Орал бағыты бойынша танымдық бағытта экспедицияға шықты. Жаратылыстану-география факультетінің студенттері 3 қазанда «Туған өлке-тұңған тарих» тақырыбында г.ғ.к., доцент С.К. Рамазанов пен география магистрі Е.Е.Айманованың ұйымдастыруымен жоғарыда аталған ортағасырлық Жайық қалашығында экскурсия-сабақтарын өткізді; 15 қарашада «Туған өлкенің географиясы, тарихы мен мәдениеті» тақырыбында студенттер арасындағы факультетішілік зияткерлік сайысы өткізілді. «Туған жер» бағытын облыс көлемінде дәріптеуде Батыс Қазақстан облыстық өлкетану музейінің ұйымдастыруымен өткен «Музейстар-2019» конкурсында М.Өтемісов атындағы БҚМУ мамандары 14 наурыз бен 15 сәуір аралығында қала тұрғындары мен қонақтарына арнайы тақырыптық көрме ұсынды.

- «Рухани жаңғыру» институты бойынша қаржыландырылған әлеуметтанулық зерттеулер жүргізілді. Мәселен, 2019 жылғы сәуір-желтоқсан аралығында «Батыс Қазақстан облысындағы этносаралық ахуалға мониторинг» атауымен зерттеу жүргізіліп, өңірімізді мекен ететін қазақ ұлтымен қатар өзге де этностардың арасындағы қарым-қатынастың жай-күйі анықталды; Бағдарламаға қатысты гранттық жоба бойынша да жұмыстар жүргізілуде. Атап айтсақ, ф.ғ.к., доцент З.Ж.Мүтиевтің «Әдеби өлкетану: рухани жаңғыру (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғ. басы)» атты ғылыми жобасы аясында «Қоғамдық сананы жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы)» монографиясы мен З.Мүтиев, Ж.Мұханбетова, А.Ақболатовтың авторлық бірлестіктегі «Қоғамдық сананы жаңғырту (Орал өңірі ақын-жазушыларының шығармашылық мұрасы. XX-XXI ғасырдың басы)» хрестоматиясының тұсаукесері ұйымдастырылды; «Туған жер» жобасы аясында 4 ақпанда жаратылыстану-география факультеті бойынша г.ғ.к., доцент С.К.Рамазановтың «Батыс Қазақстан облысының ландшафттары және олардың геоэкологиялық жағдайы» тақырыбында ғылыми монографиясын көпшілік талқылау мақсатында дөңгелек үстел жұмысы өткізілді. Мамыр-қыркүйек айларында тарих, экономика және құқық факультетінің ғалым оқытушылары-С.М.Физзатовтың «Жаңабұлақ тарихы», Б.С. Боранбаеваның «Орал өлкесінің тарихи мәдениеті (XIX ғ. II жартысы – XX ғ. I жартысы)» атты



монографиялары жарық көрді.

- «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасы бойынша оқу орнымызда белгілі тұлғалардың өнегелі өмір жолдары жастардың арасында насихатталып, сол тұлғалармен кездесулер тұрақты түрде ұйымдастырылуда. Мәселен, мамыр айының 28-і күні университетімізде 2018 жылғы «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасына енген университетіміздің түлегі, жас ғалым-физик, PhD доктор Жакиев Нұрхат Қуандықұлымен «Түлегімізбен мақтанамыз» атты кездесу кеші өткізілді.

- «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы бойынша да оқу орнымызда тиісті жұмыс жүйесі атқарылуда. Аталған жоба бойынша жарық көрген 58 жаңа оқулық 5546 дана көлемінде университеттің ғылыми кітапханасы қорына келіп түсті.

- «Рухани жаңғыру» бағдарламасының ғылыми негізін күшейту үшін ғылыми жобалар бойынша да жұмыстар көлемін ұлғайту көзделуде. Университет факультеттерінде бағдарламалық мақалалардағы бағыттар бойынша диплом жұмыстары мен магистрлік диссертациялар тақырыптарының базасы қоғамдық сананы жаңғыртудың негізгі бағыттарына арналған зерттеу тақырыптарымен толықтырылды. Осындай жобалар сайысына университетіміздің жас ғалымдары да атсалысуда. Мәселен, Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің қазақстандық моделіне арналған үздік ғылыми жобалар республикалық конкурсының өңірлік кезеңінде университетіміздің Дүниежүзілік тарих, әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының аға оқытушысы, т.ғ.к., доцент Физзатов Саялбек Махамбетұлы «Рухани жаңғыру бағдарламасын жүзеге асыруда ауыл тарихының рөлі (Жаңабұлақ ауылы негізінде)» тақырыбымен жүлделі I орынға ие болса, республикалық кезеңінде жүлделі III орынға қол жеткізді. Ал «Рухани жаңғыру» институтының ғылыми қызметкері, тарих магистрі Танзенов Данял Жұппағамбетұлы республикалық конкурстың өңірлік кезеңінде «Рухани жаңғыру – ұлттық санамыздың кемелденуінің кепілі» атты ғылыми жобасымен жүлделі II орынды иеленді.

- Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» бағдарламалық мақаласының әрбір бағыты мен жобалары әр факультетке бөлініп, әрбір айға шаралар өткізу жоспарланды. Мәселен, «Атқа міну» бағыты бойынша университеттің барлық факультеттерінде іс-шаралар өткізілді. «Ұлы даладағы кенді металлургия» бағыты бойынша қыркүйек-қазан-қараша айларында өткізілген іс-шаралар:

25 қыркүйек. «Қазақ даласы - ежелгі металлургияның Отаны» облыстық тарихи-өлкетану мұражайына саяхат; 18 қазан. «Ұлы даланың ежелгі металлургиясы - еншіміздегі жетістік» тақырыбында сайыс; 24 қазан. «Ұлы даланың жеті қыры - ұрпаққа ұлағат» дөңгелек үстел; 23 қараша. «Ұлттық құндылықтар – болашақ жастар бойында» интеллектуалдық сайыс; 27 қараша. «Ата-бабаларымыздың жарқын көрінісі – аң стилі өнері» тақырыбында дөңгелек үстел; 28 қараша. «Ұлттық мұрамыздың жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – аң стилі» өнері», т.б. танымдық кештер.

- «Түркі әлемінің бесігі» бағыты бойынша 20 желтоқсанда Қазақстанның ежелгі қалаларын жырға қосқан ақындар шығармалары бойынша арнайы бейнеролик көрсетіліп, әдеби кеш ұйымдастырылды. «Рухани жаңғыру» институты мен құқықтық пәндер кафедрасының ұйымдастыруымен Қазақстан Республикасының Конституциясы күніне (28 тамыз) орай «Ата Заң – азат елдің ар-намысы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

- «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағыты шеңберінде қазақтың рухани ұстазы Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойына орай 20 қыркүйек күні ЖОО студенттері арасында облыстық «Абай оқулары» байқауы ұйымдастырылды. Байқауға 15 студент қатынасып бақтарын сынады. Қазақтың атақты ақыны, қоғам қайраткері Жұбан Молдағалиевтың «Мен қазақтың» поэмасының жазылғанына 55 жыл толуына

орай облыстық әмбебап кітапханасының ұйымдастырған облыстық конференциясында п.ғ.д., профессор А.С.Қыдыршаев «Рухани жаңғыру бағдарламасы аясындағы Жұбан ақынның шығармашылығы және «Мен қазақтың поэмасы» тақырыбында баяндама жасаса, институттың ғылыми қызметкері, тарих магистрі Д.Ж.Танзенов «Жұбан Молдағалиев қайраткерлігі хақында» тақырыбында баяндамасымен бөлісті; «Ұлы даланың ұлы есімдері» бағытын жастарға дәріптеуде елімізге, өңірімізге белгілі айтыскер ақын, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қызметкері Шолпан Қыдырғиязованың 70 жасқа толуына орай танымал тұлғаның «Менің тәрбие сағатым» атты ашық сұхбатын студент-жастар арасында талдау ұйымдастырылды; «Алтын адам» бағытын көпшілік студент-жастарға таныстырып, маңыздылығын анықтауда қазақ даласынан археологиялық қазба жұмыстары нәтижесінде табылған «Қазақстанның алтын адамдары» тақырыбында 1-курс студенттері (9 қазан) университет тарихшыларымен кездесу өткізді.

- «Қазақстан – алма мен қызғалдақтың Отаны» бағыты бойынша кешенді шаралар ұйымдастырылуда. Атап айтсақ, жаратылыстану-география факультетінің аға оқытушысы Ж.С.Қажымұратова Қазақстандағы қызғалдық мәселесімен теориялық және практикалық тұрғыда терең айналысып, өзіндік нәтижелерімен көпшілік студент жастар арасында бөлісуде; «Архив-2025» жобасы шеңберінде университеттің Қазақстан тарихы кафедрасының ұйымдастыруымен жаппай саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орайластырылған «Азалы тарихқа мәңгілік тағызым» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

- Университетіміздегі «Рухани жаңғыру» институты қызметкерлері 2019 жылғы қаңтар-желтоқсан айлары аралығында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Нұр-Сұлтан, Алматы, Атырау, Ақтөбе, Ақтау, Орал қалаларында және алыс-жақын шет елдерде (РФ Орынбор, Саратов, Чехия (Прага)) өткізілген халықаралық, республикалық, аймақтық, облыстық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда, дөңгелек үстелде, байқауларда тақырыптық 47 баяндама жасады. Нәтижесінде ғылыми жинақтарда ғылыми мақалалар жарияланып, 30 сертификатқа, 23 Алғыс хат, дипломдарға ие болды. Мәселен, 2019 жылғы университетімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясындағы атқарылған жүйелі жұмыстар негізінде БҚО Ішкі саясат бөлімі, облыс әкімі аппараты жанындағы «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі университет ректоры, қауымдастырылған профессор Н.Х.Серғалиевқа арнайы «Алғыс хат» тапсырды; 2019 жылғы тамыз айында өткен Білім беру қызметкерлерінің республикалық конференциясында (Нұр-Сұлтан қ.) «Рухани жаңғыру» институтының директоры А.С.Қыдыршаевқа Қазақстан Республикасы Президентінің «Алғыс хаты» беріліп, арнайы төсбелгісі тапсырылды. Сондай-ақ, А.С.Қыдыршаев «**Bilim Orkenieti**» ұлттық инновациялық ғылыми-зерттеу орталығының (Нұр-Сұлтан қ.) ұйымдастыруымен өткен Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласын білім беру ұйымдарының педагогтары арасында кеңінен насихаттау мақсатындағы «Қазақстанның құрметті ұстазы» атты республикалық байқауының жеңімпазы танылып, I дәрежелі дипломмен, «Қазақстанның құрметті ұстазы-2019» төсбелгісімен марапатталды.

Қысқасы, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың еліміздің дамуында маңызды орны бар, елдік өзекті мәселелерді көтерген «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті қыры» атты Бағдарламалық мақалаларындағы барлық қазақстандықтардың алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыруда университет ұжымы да өз үлестерін еселеп қосуда. Аталған айқын мақсаттағы жүйелі жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

Абам ҚЫДЫРШАЕВ,
«Рухани жаңғыру» институтының директоры,
п.ғ.д., профессор

Ұстаз ұлағаты

Ұлт болашағы кейінгі жас ұрпақтың бойына білім мен тәрбиені, адамгершілік пен шынайылықты, рухани байлық пен ұлттық қасиеттерді сіңіріп, оларды жеке тұлға әрі талапты азамат етіп қалыптастыруда ұстаздардың орны ерекше. Бүгінде ұстаз деген ұлы есімге лайық іргелі іс атқарып, өмірде де, қызметте де өзіндік орнын айқындай білген, талап пен табандылықтың жарқын үлгісін көрсеткен Молдағалиев Байжан Айдынғалиұлы 70-тің асқар шыңына шыққалы отыр. Қарымды еңбек етіп, білімді де парасатты шәкірт тәрбиелеп жүрген Байжан Айдынғалиұлының өмірлік және шығармашылық жолы ізденіс пен құлшынысқа толы.

Ардагер ұстаз Байжан Айдынғалиұлы соңғы қырық төрт жылда әуелі педагогикалық институтта, кейін М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде оқытушы, кафедра меңгерушісі, доцент лауазымдарында қызмет етіп келеді.

Байжан Айдынғалиұлы 1950 жылы 8 ақпанда Орал облысы, Зеленов ауданының Круглоозерное поселкесінде мұғалімдердің отбасында дүниеге келген. Орта мектепті бітіргеннен кейін Орал қаласындағы педагогикалық институтты бітіріп, жасынан білім-ғылымға жаны құштар, ой-санасы ұшқыр, мінезі алғыр жігіт еңбек жолын ауыл мектебінде ұстаздық қызметтен бастайды. Кейін 1976 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының (бүгінде

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті) педагогика және психология кафедрасында өзінің педагогикалық еңбек жолын жалғастырады. 1986 жылы Москвада педагогика ғылымынан кандидаттық диссертация қорғап, 1990 жылы доцент атағына ие болады. Байжан Айдынғалиұлы ғылым әдіснамасы, ғылыми-зерттеу әдістемесі салаларын жетік меңгерген ғалым. Педагогика және психология мәселелеріне арналған 100-ден астам мақалалар жариялады. Студенттерді кәсіптік даярлау бағдарламасы бойынша «Этносаралық қарым-қатынас педагогикасы», «Психологиялық-педагогикалық сөздік», «Мектеп мұғалімінің анықтамалығы», «Дидактика» және тағы да басқа

әдістемелік оқу құралдарын шығарды. Оның жетекшілігімен магистрлік диссертация қорғаған жас ғалым педагогтар еліміздің бірнеше жоғары оқу орнында, білім беру саласында жемісті еңбек етіп жүр.

Өз ісінің шебер маманы екенін дәлелдеп, әрі қоғамдық жұмыстарға белсене араласқаны үшін ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыстық әкімшіліктің, университет ректорының Құрмет грамоталарымен марапатталды. 2012 жылы «Ы.Алтынсарин» төсбелгісімен наградталды. Саналы ғұмырын өскелең ұрпақтың білімі мен тәрбиесіне арнаған ұстаз еңбегінің жемісі өз баласындай көрген шәкірттерінің оқуда, ғылымда жеткен жетістіктері, бағындырған белестері деп білеміз. Өн



бойына өз ісіне деген жауапкершілікті, мамандығына деген адалдықты, шәкірттеріне деген сүйіспеншілікті ұялата білген ұлағатты ұстазға ұзақ ғұмыр, шығармашылық табыс, ізін жалғар саналы шәкірт тілейміз.

Педагогика және психология кафедрасының ұжымы

Жиында М.Өтемісов атындағы БҚМУ ректораты тарапынан п.ғ.д., доцент, оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор Тасмағамбетов Асет Сембаевич құттықтау сөз сөйлеп, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың Құрмет грамотасымен марапаттап, шапан жапты. Сонымен қатар, п.ғ.д., профессор, М.Өтемісов атындағы БҚМУ «Рухани жаңғыру» институтының директоры Қыдыршаев Абат Сатыбайұлы,

Ғибратты ғұмыр

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде Педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент Б.А.Молдағалиевтың 70 жас мерейтойына орай «Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым» атты салтанатты жиын өтті. Шараны п.ғ.к., доцент, Педагогика факультетінің деканы Габдрахманова Шынар Төлегеновна ашып, жүргізіп отырды.

Ұзақ жылдар бойы жемісті еңбек еткен ұстаздың шәкірттерінің бірі Мәдениет және өнер факультетінің деканы, PhD докторы Кажимова Қарылғаш Рахымовна, педагогика және психология магистрі, аға оқытушы Маденова Лаззат Мутиголливна сөз сөйлеп, ақжарма тілектерін арнады. Педагогика факультетінің деканы п.ғ.к., доцент Габдрахманова Шынар Төлегеновна мен Педагогика факультетінің



п.ғ.к., тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор Дәрішева Түймеш Малбағарқызы құттықтау сөз сөйлеп, университет қабырғасында 44 жыл бойы атқарған қызметін жоғары бағалайтындығын атап өтті. Ал М.Өтемісов атындағы БҚМУ бастауыш кәсіподақ ұйымының төрағасы Сулейменов Мерген Куанышевич ұстазды мерейлі жасымен құттықтап, шипажайға жолдама табыстады.

Кеш барысында Педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі Кулдашева Надежда Утеғалиевна ғалымның ғылыми-шығармашылық жолымен таныстырып өтсе, экраннан Б.А.Молдағалиевке арналған «Ұлағатты ұстаз, ғибратты ғалым» бейнебаяны көрсетілді.

Ұлағатты ұстазды БҚИТУ доценті, педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі Кинжекова Рысканым Салимовна, Ж.Досмұхамедов атындағы жоғары педагогикалық колледжі директорының орынбасары Нурашева Гүлнар Сырымовна мен Ильясова Райса Касымовна, «Өрлеу» БАҰО БҚО бойынша АҚ филиалы институтының кафедра меңгерушісі Жумағалиева Динара Шынболатовна ұжым мүшелерінің атынан құттықтап, құттықтау қағазы

мен гүл шоқтарын табыс етті. Өріптеc замандастары М.Өтемісов атындағы БҚМУ доценті п.ғ.д. Сарсенбаева Ботакоз Иватовна, пс.ғ.к. Нургалиев Кеңес Айтжанович, ардагер-ұстаз



Хусаинов Мергали Сергазиевич Б.А.Молдағалиевтың университет қабырғасында кәсіби қалыптасуын еске алып, оқытушылық, ғылыми және тәрбиелік қызметте атқарған еңбегі жөнінде айтты.

ұжымы да ұстазға ізгі ниеттерін білдіріп, гүл шоқтарын табыстады.

Кеш соңында мерейтой иесі сөз алып, келген қонақтарға ризашылығы мен алғысын білдірді.

Парасат биігіндегі ұстаз

М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Педагогика және психология кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Молдағалиев Байжан Айдынғалиұлының 70 жасқа толу мерейтойына орай «Парасат биігіндегі ұстаз» атты магистранттармен кездесу кеші өтті.

Педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика факультетінің деканы Габдрахманова Шынар Төлегеновна кештің алғысөзін сөйлеп, кеш иесін мерейтойымен құттықтады. Экраннан Байжан Айдынғалиұлының өмірбаяны көрсетіліп, қатысушылар ардагер ұстаздың өнегелі өмір жолымен танысты. Ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып, ардагер ұстаздың өмірлік тәжірибесін кейінгі ұрпаққа үлгі етуге бағытталған кездесу барысында замандас-әріптестері Ломоносов Илья Матвеевич,

Хусаинов Мергали Сергазиевич, Муханбетчина Аклима Габделовна, Адельбаева Нурия Адильжановна, Нургалиев Кеңес Айтжанович, Иргалиев Асылбек Сапарғалиевич, Хабиева Дина Гарифуллаевна, Кулдашева Надежда Утеғалиевна сөз алып, жылы лебіздерін, ыстық ықыластарын білдірді. Кітапханашы Гулшира Шаденқызы өмірлік және шығармашылық жолы ізденіс пен құлшынысқа толы Байжан Айдынғалиұлына арналған «Парасат биігіндегі ұстаз» атты кітап көрмесімен таныстырды. Қарымды еңбек етіп, білімді

де парасатты шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстазға студенттер қауымы сауалдарын жолдап, тұщымды жауаптарын алды.

Білім мен біліктілік ұстаз еңбегін бастау алатынын студенттердің санасына жеткізуді де назардан тыс қалдырмау керектігіне тоқталған Байжан Айдынғалиұлы кеш барысында әріптестері мен замандастарына зор ілтипатын білдіріп, құрмет көрсеткендеріне алғыс айтты. Кешті университеттің ғылыми кітапхана директоры Тоты Еркінқызы қорытындылады.

Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ОТЧЕТ О НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И МЕЖДУНАРОДНЫМ СВЯЗЯМ ЗКГУ ИМ. М.УТЕМИСОВА ЗА 2019 г.

Доля ППС и сотрудников университета, занятых разработкой и реализацией научных проектов, составила **35%** за счет роста реализуемых финансируемых инициативных проектов кафедр, а также за счет проведенных работ по подготовке заявок для участия в конкурсах, тендерах и государственных закупках по выполнению НИР.

В реализации научных проектов участвуют **123** ученых, из них в финансируемых - **34**.

В октябре 2018 г. на сайте университета был объявлен внутриуниверситетский конкурс на финансирование научных проектов ППС и сотрудников на 2019 г. На конкурс было подано 25 заявок. Приказом ректора была создана экспертная комиссия для оценивания актуальности и научной ценности поданных заявок. По итогам работы экспертной комиссии из **25** заявок на рассмотрение Ученого совета университета и финансирование было рекомендовано 7 заявок. На основе решения Ученого совета от 25 февраля 2019 г. (протокол № 6) осуществлено внутриуниверситетское финансирование и начата реализация **7** проектов ППС и сотрудников на общую сумму **13,7 млн. тенге**.

По итогам работ были выполнены запланированные НИР по 5 проектам. Был проведен анализ эффективности реализации проектов внутривузовского финансирования и разработаны соответствующие предложения.

Из выделенных **13,7 млн. тенге** учеными было освоено **8,0 млн. тенге**. Неосвоение выделенных средств связано с отказом 2 научных руководителей от реализации проекта из-за неэффективного планирования и слабого состава рабочей группы; не в полной мере использованы средства рабочей группы 5 проектов, остаток которых будет освоен в 2020 г.

С целью изучения биоразнообразия, памятников истории и культуры ЗКО в 2019 г. были организованы **18** экспедиций. По итогам проведенных экспедиционных научно-исследовательских работ подготовлены отчеты, научные статьи и т.п., отражающие биоразнообразие, историко-краеведческие, природные, археологические объекты ЗКО. Освоено более **4 млн. тенге**.

Экспедиционные исследования проводились в рамках реализации хозяйственных и инициативных проектов.



В рамках инициативного проекта «Мониторинг и оценка хозяйственно-ресурсного потенциала биологического и ландшафтного разнообразия Западного Казахстана» (научные руководители: Рамазанов С.К., Сарсенова Б.Б.) и финансируемого за счет университета научного проекта «Пополнение и совершенствование ресурсов гербарного фонда ЗКГУ имени М.Утемисова» (научный руководитель: Сарсенова Б.Б.) в 2019 г. проводились цикл научно-исследовательских работ по оцифровке и пополнению электронного гербарного фонда университета.

С целью привлечения финансовых средств на реализацию научно-инновационных проектов в 2019 г. учеными университета были разработаны и совместно с отделом науки отправлены более **20** заявок для участия в тендерах и государственных закупках по финансированию научных исследований и разработок. По итогам проведенных работ в 2019 г. профинансированы **18** проектов (в т.ч. по заявкам предприятий, Комитета науки МОН РК, учреждений и организаций ЗКО).

Профинансированы проекты по следующим специальностям: История – 1, Экономика – 2, Биология – 4, Педагогика и психология – 1, Казахский язык и литература – 2, Химия – 2, География – 2, Социология – 2, на общую сумму **61,2 млн. тенге**.

В целом учеными университета проводились фундаментальные и прикладные исследования по **2** грантовым, **16** хозяйственным, **5** финансируемым

университетом и **24** инициативным проектам. По итогам НИР были опубликованы более **60** научных трудов. В АО «НЦГНТЭ» зарегистрированы темы **4** и отчеты **2** проектов.

В декабре 2019 г. начата работа по подготовке заявок на конкурсы грантового и программно-целевого финансирования НИР, которые будут объявляться в 2020 г.

В АО «НЦГНТЭ» запланированные регистрации тем и их отчетов не были в полной мере выполнены из-за неправильного оформления соответствующих документов и их несвоевременного представления учеными кафедр.

Невыполнение факультетами физико-математического, педагогического, культуры и искусства плана по заключению хозяйственных договоров связано с разработкой неактуальных тем и отсутствием заинтересованности хозяйствующих субъектов в выделение средств на НИР.

Ведется подготовка **27** заявок на конкурс грантового финансирования НИР.

В первом полугодии были поданы **2** заявки на участие в совместных грантовых программах Европейского Союза Erasmus+ с партнерскими университетами: Самарский государственный социально-педагогический университет (г. Самара, РФ), Консерватория музыки Сан-Пьетро а Майелла (г. Сан-Пьетро а Майелла, Италия), Университет Порто (г. Порто, Португалия), Самарский государственный экономический университет (г. Самара, РФ). Данные заявки были отклонены Европейской Комиссией.

Совместно с учеными высших учебных заведений, научно-исследовательских институтов и научных объединений России проводились научные исследования в рамках **11** международных научно-исследовательских консорциумов и соглашений. По итогам сотрудничества в рамках консорциумов были проведены **2** научно-практические конференции, **2** круглых стола, **1** студенческая онлайн-олимпиада и опубликовано около **30** научных статей.

В сентябре-декабре 2019 г. были подготовлены и отправлены **3** заявки на конкурсы Глобального экологического фонда, Европейского Союза Erasmus+. Было привлечено **3** зарубежных ученых (Качмарек Славомир, Дорота Подгорская, Хайнс-Дитер Барке) из Польши и Германии, которые проводили занятия, семинары, тренинги и совместные научные исследования с ППС университета. Было обеспечено участие 4 российских ученых в реализации **1** хозяйственного и **3** инициативных научных проектов.

В целом в 2019 г. количество приглашенных зарубежных ученых составило **15** человек.

Факультетами и кафедрами в достаточной мере не проводится

работа по обеспечению участия ученых в реализации совместных научных исследований с зарубежными партнерами в рамках созданных консорциумов.

Слабое и недостаточное знание учеными университета английского языка является главным барьером в разработке качественных научных заявок и участия в зарубежных грантовых конкурсах, программах и проектах.

Международные проекты:

- Проект «Capstone project» - 35 студентов и 3 преподавателя.
- Мобильность – Польша - 3.
- С 2020 г. Эмили Симс (США) – ассистент англ. яз. в ЗКГУ.
- Итальянский/Английский языки – Elena Secondo.
- Совместный исследовательский проект с университетом Казимира Великого (Польша).
- Научное сотрудничество с Европейской, Евразийской и Азиатской Ассоциациями вузов.
- Совместный проект «Номад» с КГУ им. Ш. Уалиханова, Erasmus + KA2, начало - 2020 г. ноябрь.
- Зарубежные ученые, приглашенные в ЗКГУ - 15.





CAPSTONE PROJECT

Конкурс проектных исследований

Представительство Penal Reform International в Центральной Азии при поддержке Посольства Королевства Нидерландов запускает курсовой проект «CAPSTONE PROJECT».

Студенты получают возможность обучаться у международных экспертов в области прав человека. Группа победителей будет награждена образовательной поездкой в Нидерланды!



E-mail: priastana@penalreform.org
Phone: +7 (7172) 79-88-84
facebook: www.facebook.com/groups/pricapstoneproject

По реализации проекта «Стимулирование продуктивных инноваций» с сентября 2018 г. по май 2019 г. проводился конкурс по отбору консультанта для обучения ученых и сотрудников офиса коммерциализации английскому языку. По итогам конкурса в мае 2019 г. был подписан контракт с ТОО «Центр образовательных, анимационных и инновационных технологий – ТУРАН» (г. Алматы) на обучение английскому языку 116 ученых и сотрудников, что составляет 34% штатных ППС и сотрудников университета. В июле 2019 г. в рамках данного гранта **10** ученых и сотрудников университета получили сертификаты IELTS 6.0. Обучение остальных **106** ученых и сотрудников университета с дальнейшей сдачи экзаменов на получение сертификатов IELTS будет осуществляться до 31 декабря 2020 г.

27 июня 2019 г. Комитетом науки МОН РК был объявлен конкурс на грантовое финансирование молодых ученых по научным и (или) научно-техническим проектам на 2020-2022 годы. На данный конкурс было разработано **3** научно-исследовательских проекта молодых ученых университета. Однако на конкурс было подано **2** заявки. Результаты конкурса будут объявлены в январе 2020 г.

В сентябре 2019 г. через ЦОН в Комитет науки МОН РК были направлены документы **7** ученых, в т.ч. 3 молодых ученых для участия в конкурсе на

соискание государственных научных стипендий и премий. По итогам конкурса **Р.Б. Султангалиева** стала обладателем государственной научной стипендии для талантливых молодых ученых.

В течение 2019 г. были **3** раза подготовлены и отправлены документы в Комитет по контролю в сфере образования и науки МОН РК для получения лицензий на подготовку докторантов по образовательным программам «Биология», «Педагогика и психология», «Казахский язык и литература», «История», «Экономика».

Соответствующими факультетами разработаны дорожные карты по получению лицензий на **4** образовательные программы магистратуры и докторантуры. Согласно дорожным картам начаты работы по подготовке документов по соответствующим образовательным программам, которые будут представлены на рассмотрение в Комитет по контролю в сфере образования и науки МОН РК в феврале-марте 2020 г.

В 2019 г. на основные результаты НИР ППС, представленных в виде монографий и учебных пособий, было получено **19** свидетельств о государственной регистрации прав на объекты авторского права. Опубликованные монографии и учебные пособия внедряются в учебный процесс.

(Продолжение на 16 стр.)

БАТЫР МІНЕЗ БЕН ЕҢБЕКҚОРЛЫҚТЫҢ ӨНЕГЕСІ

Киелі Ақжайық топырағы Батыс Қазақстан облысы Чапаев ауданы (қазіргі Ақжайық) Бітік ауылында 1940 жылы 10 наурызда дүниеге келген, бар өмірін ұстаздық жолына арнап келе жатқан, тек Ақжайық жұртына ғана емес, қазақ елінің мақтанышына айналып, құрметіне бөленген спортшы тұлғаларымыздың бірі – Исмағұлов Қамеш Исмағұлұлы.

Қазақ спортшысы Қамеш Исмағұлұлы – 2 мәрте Қазақстан чемпионы (1964-1965ж.), самбист, білікті бапкер, жаттықтырушы-ұстаз, бірнеше мәрте халықаралық ардагер-палуан.

Жастайынан дене шынықтыру мұғалімі болуды армандаған Қамеш Исмағұлұлы – өмірдің қиын соқпақтарынан қаймықпай, қатаң сынақтардан табандап өтіп, өзінің қайтпас қайсарлығы мен таза еңбекқорлығының арқасында бүгінде ардагер ұстаз.

Әскери борышын өтеу кезінде тапжылмай спортпен айналысып, үлкен жеңістерге қол жеткізген Қамеш ағамыз студенттік шағында да батыр мінезіне тән қасиеті мен еңбекқорлығының арқасында нағыз спортшы болып қалыптасты. 1960-1963 жылдары Совет армиясы қатарында азаматтық борышын өтеп, кәсіби спортшы маман иесі атану мақсатында Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік дене шынықтыру институтына түседі.

Қамеш Исмағұлұлы алғашқы еңбек жолын А.С.Пушкин атындағы педагогикалық (қазіргі М.Өтемісов атындағы БҚМУ) институтының дене

тәрбиесі кафедрасының оқытушысы болудан бастап, 1971 жылдан аға оқытушы, 1988 жылы кафедра меңгерушісі міндетін атқарды.

Ұлағатты ұстаз ұзақ жылдар бойы бір орында тапжылмай студент жастарға білім, тәлім-тәрбие беруден қол үзбей, педагогика факультетінің дене тәрбиесін оқытудың теориясы мен әдістемесі кафедрасында доцент қызметінде өлшеусіз еңбек етіп келеді.

Қамеш ағамыздың шәкірті Ж.С.Жардеммов ұстазының спорттағы жемісті жолын былайша толғайды: «Ұстазым Исмағұлұлы Қамеш Исмағұлұлының оқып жүрген кезінде алғашқы бапкері, жаттықтырушысы - еркін күрестен республиканың атақты палуаны Қабден Байдосов болды. Бір күні Қабден ағамыз шәкірті Қамеш ағамызды шақырып алып, самбо күресімен шұғылдануға кеңес береді. Самбо күресінде жаттықтырушысы Петр Георгиевич Терещенко болды. Екеуі боз кілемде талай тер төгіп, ағамыздың бағы жанып, республикалық бүкілодақтық жарыстарда жүлдегер атанды. 1996

жылы «Самбо» күресінен «СССР спорт шебері» атағын қорғайды. Институтты ойдағыдай бітіріп, 1968 жылы елге оралады. Ағайға 1994 жылы ВАК доценті, ал 1997 жылы спорт саласындағы ерен еңбегі үшін «ҚР еңбек сіңірген жаттықтырушысы» атағы берілді. Орал облысында «Самбо» күресінің негізін қалаушыларының бірі болып саналады».

Қамеш Исмағұлұлы – спорт саласында шебер шәкірт тәрбиелеуде тұтас мектеп қалыптастырған ұстаз. Күрес саласында 52 жыл қызмет атқарған оның мектебінен шыққан дарынды спортшылардың өзі бір-бір өлкенің мақтанышы, құрметті азаматтары. Ағайдың тәрбиелеген шәкірттері, облыс құрама командасында болған палуандардың алғашқылары (1968-19971 ж.): Бердіғалиев Алмабек, Юсупов Ануар, Сапышев Самиголла, Обоймов Валера, Бисақов Рамазан, Тукжанов Нұрлан, Бекеев Төлеген, Герасеменко Владимир, Аймов Есенгелді, Бегимбетов Болат, Балыков Жәрдемғали; 2-толқын (1971-1978ж.): Қуанышев Батыр, Аубакиров Есет, Есеев Темірхан, Шотанов Елемес, Жардеммов Жұбаныш – ағайдың тұңғыш «КСРО спорт шебері» атағын алған шәкірттері, 2 дүркін КСРО жастар чемпионатының чемпионы, КСРО универсиадасының күміс жүлдегері, ҚазССР кубогінің иегері, VI жазғы КСРО халықтар достығы спартакиадасының қатысушысы



(1975 ж.), Оқасов Қуаныш, Баймағамбетов Қайыржан, Ақашов Бақыт, Даукенов Наурыз, Евдокимов Александр, Климов Павел, Мамедов Расим; 3-толқын (1979-1987ж.): Каргин Владимир, Бекбаев Сатыбалды, Кауметов Нұрлан, Назаров Виктор, Искаков Қасым, Утеғалиев Қайырболат, Габдулкаримов Асан, Қазиев Талғат, Қожагелдин Оралбек, Даупаев Марат, Стамғазиев Жеңіс, Ульянов Дастан, Еришов Ибат, 4-толқын (1990ж.): Байенов Арман, Гумаров Бауыржан, Нұрмұханов Әскербек, Жанғалиев Қанат, Аубакиров Руслан, Дінкуатов Қанат және т.б.

Бүгінде спорттан қол үзбеген, халықаралық, республикалық қазақ спорт шеберлерін, палуандарын дайындауда зор үлесін қосып келе жатқан ардагер ұстаз Қамеш Исмағұлұлына мерейлі мерейтойы қарсаңында бар жақсылық пен сәттілікті, ғибратты ғұмырының ұзақ, денінің сау болуын, қайрат-қуатының кемімей, шәкірт тәрбиелеудегі даңғыл жолының мәңгі болуын тілейміз.

Ш.Т. ГАБДРАХМАНОВА,
Педагогика факультетінің деканы,
п.ғ.к., доцент

Быть здоровым

Коронавирусная инфекция



Коронавирус 2019-nCoV – один из представителей большого семейства коронавирусов (более 40 штаммов), одноклеточный РНК-содержащий вирус, вызывающий заболевания дыхательных путей у людей. Обеспокоенность вызывает тот факт, что у заболевших наблюдаются высокие показатели смертности, а вакцины от вируса не существует, специфической терапии как таковой нет.

«Корона» в названии появилась потому, что ворсинки на оболочке вируса по форме напоминают солнечную корону.

Вспышка болезни началась с обнаружения в середине декабря 2019 года в г. Ухань, провинции Хубэй, КНР первых случаев пневмонии неизвестного происхождения у местных жителей.

В настоящее время всё большую обеспокоенность мировой общественности приобретает заболевание, вызванное новой разновидностью коронавируса (2019-nCoV).

Носителями смертельного вируса, по мнению ученых, являются ленточный крайт и кобра — змеи, которые часто охотятся на летучих мышей в дикой природе. Эти виды змей продавались на рынке в Ухани.

Для передачи инфекции нужен тесный и достаточно продолжительный контакт с зараженным, например, через рукопожатие или если человек чихнет. Подавляющее большинство зараженных появилось в больницах, где с зараженными длительное время находились их друзья, знакомые, родственники, врачи, а также посторонние люди.

Сам вирус за пределами организма не может существовать долго и погибает в течение максимум нескольких

первого дня инфицирования и до начала выздоровления.

Основные признаки заболевания:

- Острое начало заболевания;
- Повышение температуры тела;
- Общая слабость;
- Ломота в мышцах и костях;
- Головная боль;
- Заложенность носа и насморк;
- Боль в горле при глотании;
- Чихание;
- Кашель.

При наличии этих симптомов нужно обратиться за медицинской помощью в медицинские организации по месту жительства или вызывать врача на дом.

Стандартные методы защиты от инфекции:

1) использование медицинской маски для всех случаев с подозрением на вирусную инфекцию, использование маски респираторного типа при подозрении на nCoV инфекцию;

2) избегать тесного контакта с людьми с симптомами острых респираторных инфекций, стараться не посещать места массового скопления людей.

3) тщательное мытье рук с мылом после контакта с дыхательными секретами, после каждого посещения туалета, до употребления пищи.

4) избегать тесного контакта с людьми с симптомами острых респираторных инфекций, стараться не посещать места массового скопления людей.

5) избегать контакта с дикими животными и скотом.

Сбалансированное питание, занятия физической культурой, а также полноценный восьмичасовой сон помогут поддержать иммунную систему вашего организма в хорошем состоянии.

В.Т. БИГЕЛЬДИЕВА,
врач

СПОРТ САҢЛАҚТАРЫ

31 қаңтар күні Ақтау қаласында өткен кәсіби MMA-дан NFC-22 халықаралық турнирінде Педагогика факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті Аслан Утеғалиев жеңімпаз атанды.

6-9 ақпан күндері «Орал қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ-нің ұйымдастыруымен волейбол спортынан ерлер командалары арасында Орал қаласының чемпионаты өткен болатын. Осы жарыста М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің командасы жүлделі II орынды иеленді.

8 ақпан күні грэпплингтен ересектер арасындағы Батыс Қазақстан облысының чемпионатында 66 келі салмақ дәрежесінде Педагогика факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының ФКС-13 тобының студенті Рустем Жанибеков жүлделі I орынға ие болды.

11-14 ақпан күндері самбо күресінен 2000-2001 жылы туған жастар мен қыздар арасындағы Батыс Қазақстан облысының чемпионатында 48 келі салмақ дәрежесінде Педагогика факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының ФКС-13 тобының студенттері Айжан Айсағалиева, 60 келі салмақ дәрежесінде Акарна Мухамбетова жүлделі I орынға, 68 келі салмақ дәрежесінде Төребек Ғарифоллин, Батырхан Насиев жүлделі III орынға ие болды.

Барлық жеңімпаздар мен марапат иегерлерін шын жүректен құттықтаймыз!

Поэт родной земли

14 февраля в ЗКГУ им. М.Утемисова Научная библиотека университета организовала фотовыставку известного не только в Казахстане, но и в приграничных российских губерниях - фотографа Халелова Рафхата - «Қазақтың Қадыры», посвященную 85-летию поэта Кадыр Мырза Али. Автор фотовыставки, Рафхат Халелов на протяжении многих лет встречался и сопровождал великого поэта – нашего земляка, и смог запечатлеть самые яркие моменты жизни и творчества акына.

С большим интересом все участники встречи - сотрудники, преподаватели и студенты - слушали рассказы почетных гостей выставки - Жолдыкаирову Меруерт, Ажибаева Есбергена, Онгарбекова Марата, Танабаеву Сару, Бактирова Хусаина, Берген Максота, которые очень тепло поделились своими светлыми и памятными воспоминаниями о друге-поэте.

«Его стихотворения читают люди разного возраста. Впервые я его стихотворение прочитал из журнала «Балдырган». Однажды по радио был проведен опрос, на какую тему Абай не писал стихотворение. После того, как никто не смог найти ответ, диктор сказал, что Абай никогда не писал стихи о матери. В этом плане говорят, что нет такой темы, о которой не писал бы Кадыр. Но Кадыр не посвятил ни одного стихотворения на тему освоения целины, так как своими глазами видел как этот проект вредит нашей родной земле», - отметил Берген Максот.

Куаншалиева Раушан песней «Тамды аруы», Нурмуханов Кайыржан «Сыған серенадасы» вдохновили всех присутствующих. Юные почитатели и любители творчества Кадыр Мырза Али - ученица школы №1 Шапагат Аяла, ученик школы №20 Амангалиев Аян, а также Айымгуль Махметовна, студент 2 курса Изимов Ернур прочитали стихотворения из поэтического сборника акына.

Проректор по воспитательной работе Туймеш Малбагаровна от имени руководства вуза поблагодарила гостей и Рафхата Елжасовича за то, что они смогли раскрыть всю многогранную творческую натуру горячо любимого казахстанцами поэта. Именно фотовыставка Халелова Р. позволила современникам и молодежи соприкоснуться с удивительным миром популярного и в то же время очень скромного Человека, Гражданина и Поэта – Кадыра Мырза-Али.

Это был наглядный урок преемственности поколений - в очень теплой и сердечной обстановке разговор шел об истинных ценностях жизни...

Завершилась встреча дружным исполнением всего зала одной из любимых песен казахского народа на стихи Кадыр Мырза-Али - песни «Атамекен».



Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

Университеттің 90 жылдығына орай

БОЛЫП ЕДІ ҰСТАЗЫМ . . .

Бүгінгі таңда 80 жылдығын тойлағалы отырған М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің алғашқы ашылған, факультеттерінің бірі - физика-математика факультеті. Содан бергі жылдар ішінде факультеттен қасиетті қара шаңырақтың абыройын асқақтатып, биік шыңнан көрінуіне өз үлестерін қосқан іскер басшылар да, бар ғұмырын білім беру ісіне арнаған ғалым-ұстаздар да шықты. Солардың бірі - Қобланова Үміт Бисенқызы.

Үміт Бисенқызы 1931 жылы 24 маусымда қазіргі Ақжайық ауданының Шағатай ауылында дүниеге келген. Әкесі Бисен 1940 жылы қайтыс болады. Жастай жарынан айырылған Алима апай екі қызы Шекер мен Үмітті ауыр өмір тауқыметін тарта жүріп, өсіріп, оқытты.

Үміт Бисенқызы 1948 жылы Чапаев орта мектебін, 1952 жылы А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының физика-математика факультетін үздік бітіргеннен кейін математика кафедрасына ассистент болып қалдырылады. Одан әрі нәтижелі еңбек жолы жалғасады. Факультет деканының орынбасары, Орал қалалық халық депутаттары Кеңесі төрағасының орынбасары, Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институтының (қазіргі Жәңгір хан атындағы БҚАТУ) жоғары математика кафедрасының меңгерушісі, А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының алгебра кафедрасының меңгерушісі, білім беруді ұйымдастырушыларды даярлау және біліктілігін жетілдіру факультетінің деканы боп ассистенттен декан қызметіне дейін өсу - қажымас қайрат пен ерінбей істеген еңбектің, ізденіс пен біліктілікті көтерудің арқасы. Абыроймен атқарылған қоғамдық-саяси жұмыстар қаншама: факультеттің, институттың әдістемелік комиссияларының төрайымы, партбюро мүшесі, Қазақстан КП Орал қалалық, облыстық комитеттерінің бюро мүшесі, халық депутаттары қалалық, облыстық Кеңестерінің депутаты, «Білім» қоғамының тұрақты лекторы.

Үміт Бисенқызы 1971-1975 жылдары Қазақ КСР ҒА Философия және құқық институты жанындағы аспирантурада сырттай оқып, «Математикалық құрылым ұғымына философиялық талдау» тақырыбында философия ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне диссертация қорғады. Осы еңбегінің нәтижелерін кейін математиканы оқыту, насихаттау жұмыстарында кеңінен қолданды. Физика-математика факультеті оқытушылары арасында «Математиканың философиялық мәселелері» әдіснамалық семинарын ұйымдастырып, оған жетекшілік етті. Қала, облыс мектептері мұғалімдеріне, оқушылар мен студенттерге математика пәнін, оның қағидаларын дұрыс түсінуге, математиканың нақты өмірмен байланысын көре білуге бағытталған дәрістер, семинарлар, кештер, пікірталастар ұйымдастырды. Жалпы, Үміт Бисенқызы тәрбиеге шебер тәлімгер еді. Ол өткізген шаралардың, мейлі ол сабақ болсын, мейлі кураторлық сағат болсын, мейлі кеш



болсын, тәрбиелік мәні орасан зор болатын. Үміт апайдың бойындағы қастерлі қасиеттердің тағы бірі – ұлтжандылығы. Ол ұлтшыл емес, бірақ өз ұлтының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын қатты қадірлеп сақтайтын және оны шәкірттерінің бойына сіңіруге тырысатын.

Үміт Бисенқызы жарқын мінезді, жоқтан өзгеге ренжіп-тарылмайтын, кең пейілді, қайратты жан болатын. Кім-кіммен де ортақ тіл табыса кететін, адамды өзіне тартып тұратын көпшіл еді. Сөзге өте шешен, нағыз оратор болатын. Соған қоса, Үміт апай ақынжанды еді. Бір нәрсеге байланысты екі-үш шумақ өлең шығара қою ол кісіге қиынға соқпайтын. Кураторлық тобының студенттеріне мерекелер алдындағы құттықтау тілегін әркімнің сабақ үлгеріміне, мінезіне, жетістігіне лайық шығарылған, әзілі де аралас, бір-екі шумақ өлеңмен открыткаға жазып табыс ететін. 1970 жылы маусым айында өзі Батыс Қазақстан ауыл-шаруашылық институтының жоғары математика кафедрасына меңгерушілікке конкурстан өтіп, сонда ауысқалы жатқанда физика-математика факультетінде өзі куратор болған, математика мамандығы бойынша институтты тамамдағалы тұрған біздерге арнаған «қоштасу» өлеңінің төмендегідей шумағы бар еді.

Өмірімнің шыңындағы ұрпағым,
Қайратымды, жігерімді жұмсадым.
Күндер өтер, айлар өтер, жыл өтер,
Деп жүріңдер «Болып еді ұстазым».

Бұл жолдар бүгіндері маған өсиет тәрізді көрінеді. Ү.Б.Қобланова «Еңбекте үздік шыққаны үшін», II дәрежелі «Ана медалі», В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне «Ерлік еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медальдарымен, «Қазақ КСР халық ағарту ісінің үздігі» төсбелгісімен, халық депутаттары Орал облыстық Кеңесінің Құрмет грамотасымен марапатталған.

Үміт Бисенқызы мен Хайролла Сағынайұлы жанұясында бес қыз тәрбиелеп өсірді. Олардың үшеуі педагог мамандығын таңдады, екеуі математик, екеуі ғылым кандидаты. Қазақта «өмірде үш қыз тәрбиелеп өсірген адам жұмаққа барады» деген ұғым бар. Үміт Бисенқызы жұмақтың төрінде, нағыз періштелер ортасында деп ойлаймыз және аруағына тағзым етеміз.

Марқұм, доцент Ү.Б. Қобланованың 1982 жылы «Құрмет Белгісі» орденді А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институтының 50 жылдығына арнауы

ОРДЕНДІ ИНСТИТУТЫМА

Институтым, алтын орда бесігім-ай!
Талай жасқа ашылды есігің-ай!
Мың тағзым түбегейлі дәстүріңе,
Бас ием өткен ұрпақ есіміне-ай!

Өсірді бізді аялап ағаларым,
Сыйлады ұстазым деп балаларым,
Институтым, тарту етем ақ ниетім,
Аяусыз еңбек, қайрат, ақыл-арым.

Тарихта із қалдырар дана емеспін,
Болашаққа қол созар бала емеспін.
Бұл сөзім адал ниет айнасы ғой,
Талай құрмет ұяңда көріп-өстім.

Өзімді бақыттымын деп санаймын,
Ордамды зор қамалға мен балаймын,
Бүгін тарих жазбаса да кітабына,
Көпшіліктің жадындамын деп ойлаймын.

Отыз жыл ұстаз болып сөз сөйледім,
Білім мен ой қайратым елге бердім.
Ақыл толып көз салар өткен кезге,
Елу деген межеге мен де келдім.

Институтым!
Сен елуде құлпырасың, толасың,
Талай ғасыр куәсі сен боларсың!
Қолымыздан келген сыйды ұсындық,
Түсінер деп еркелеткен баласын.

Зұбайда ЖҰБАНЫШЕВА,
физика және математика кафедрасының аға оқытушысы
(«Өркен» газеті, №8, 2012 жыл)

Сотрудничество без границ

Одной из форм интернационализации высшего образования является академическая мобильность преподавательского состава. Ежегодно в ЗКГУ им. М.Утемисова приглашаются иностранные преподаватели для чтения лекций на английском языке. Благодаря данной практике студенты не только совершенствуют опыт общения на иностранном языке, но и получают актуальные знания из зарубежной практики. 29 января в ЗКГУ им. М. Утемисова состоялась встреча с ассистентом английского языка, стипендиатом программы Fulbright из США Эмили Симмс.



На встрече присутствовали представитель Посольства США в Казахстане Кенесбаева Айдана, проректор ЗКГУ по научной работе и международным связям Ахмеденов К.М., руководитель Центра интернационализации и международных связей Зубков В.С., и.о. заведующей кафедрой иностранных языков Утегалиева Б.Б., сотрудники международного отдела, преподаватели и студенты вуза.

В ЗКГУ госпожа Симмс организует разговорные курсы для студентов, обучающие семинары, клуб по знакомству с культурой, историей, географией США, оказывает помощь преподавателям английского языка нашего вуза. Также госпожа Симмс свободно владеет русским и испанским языками.

Айгерим УМИТАЛИЕВА,
консультант-переводчик отдела полиязычия

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҰТҚЫРЛЫҚ — әлемдік білім кеңістігінің кілті

Бүгінгі таңда М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті шетелмен халықаралық байланыстарын нығайтып, студенттермен оқытушылардың академиялық ұтқырлығын жан-жақты кеңейтуіне барлық жағдайлар жасауда.

Осындай үлкен мүмкіндікті жібермей, өз бағын сынап, шетелге бір семестрлік оқуға барып келген студенттеріміздің бірі – Педагогика факультеті «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 4-курс студенті Куспанов Ерген.

Ерген Польша елінің Быдгощ қаласындағы Экономика университетінде (Wyższa Szkoła Gospodarki) білім алып, тәжірибе алмасып келді.



Тың ой!

Болмасаң да ұқсап бақ

Қазіргі қарыштап дамыған заманда өмірден өз орныңды табу, жетістікке жету, бәсекеге қабілетті бола білу - оңай шаруа емес. Әркімнің дегеніне көне беретін, жұрт қайда барса артынан ілесе салатын жандар қаншама? Өкініштісі, бүгінде көпшілік бас ауыртып, жан қинап жұмыс жасағысы келмейтін де секілді, сондай-ақ өз бизнесін ашқанды армандайды. Бұл да дұрыс шығар. Алайда, ең бірінші жеке кәсіп ашу туралы идеяны пісіріп-түсіріп алған жөн. Көздеген бағытыңыз қандай, оған әлеуетіңіз, төзіміңіз бен уақытыңыз жеткілікті ме? Өлбетте, әр кәсіп әртүрлі. «Бұл идеяның біздің қоғамға керекі бар ма?» деген сияқты түрлі сауалдар жас кәсіпкердің алдынан шығуы әбден мүмкін. Біздіңше, осы іспетті сауалдарға жауапты 2019 жылы Алматы қаласындағы «Самға» баспасынан жарық көрген табысты кәсіпкер, ресторатор Қуаныш Шонбайдың «Екінші болма!» (Бизнесіте, карьерада және өмірде жеңіске жетудің қазақша жолы) кітабынан біле аламыз. Мотиватор өз кітабында бизнесті қалай тез әрі табысты дамытуға болатынын айтып, кәсіпкерліктің қыр-сырымен бөліседі. Кітап тек бизнес саласына ғана емес, өмірден өзіне лайықты орын тапқысы келетін әрбір жанға арналған. Осы кітап бойынша пікір алмасу мақсатында ақпан айының 7-сі күні филология факультетінің ҚТӨ-11-топ студенттері қура-торымыз профессор Абат Сатыбайұлы Қыдыршаевтың жетекшілігімен пікірталас алаңында бас қостық. Пікір алмасуды топ студенттері Дастан Қуандықов, Индира Аманжолова, Нұрбибі Қуанышқалиевалар аса шеберлікпен жүргізе білді. Шара барысында топ студенттері Динара Сәрсенбаева, Шахноза Юсупова, Жансая Нуратдинова, Асыл Жәрдемовалар аталған

кітап жөнінде өз ойларымен бөлісіп, өзіндік пікірлерін ортаға салды. Шарамыздың басты қонағы ретінде университетіміздің түлегі, «Бизнес қауымдастық» ЖШС директоры Сатқанов Дәурен Сәбитұлы арнайы шақырылды. Жас болса да бас бола білген Дәурен ағадан бүгінгі таңдағы кәсіпкерлік саласындағы жетістігінің қыр-сырымен бөлісуін өтіндік. Танымал кәсіпкер өзінің ағалық кеңесін айтып, тәжірибесімен



Пікір

ДІНГЕ құрыс көзқарас қажет

Жастар – қоғамдағы негізгі күш. Елдің дамуы, өркендеуі, биіктеуі тікелей жастардың қолында. Иә, қазір саналы, білімді жастарымыз өте көп. Дегенмен де, қазіргі таңда дін жағынан бірнеше мәселелер бар. Жастарымыздың дінге қызығушылығы, еліктеушілігі өршіп тұр. Қазіргі жастардың дінге көзқарасы қандай? Бұрынғы ата-анамыздың кезіндегі дінді алып қарасақ, ол кезде дін туралы мүлдем айтылмайтын. Былайша айтқанда «атеизм» заманы болды. Атеизм дегеніміз-құдайды қабылдамау. Ол кезде мешітке баруға тыйым салынған, дін туралы айтуға болмайтын және мектеп бағдарламасында «атеизм» деп аталатын пәндер де жүргізілген. Қазіргі таңда мектеп бағдарламасынан бастап, жоғарғы оқу орындарында да «дінтану», «зайырлы дін» пәндері жүргізілуде. Бұл – жастардың діни сауаттылығын дамыту. Өйткені, қоғамда жастардың өзге діни ағымдарға еріп кетуі көбейіп барады. Көбіне қала жастарына қарағанда ауыл жастары дінге қызығады. Дінді ұстанып, мешітке барғылары келеді. Кейін қалаға келген соң өзге діндерге еріп кетіп жатады. Сондықтан жастардың діни сауаттылығын дамыту керек. 2000 жылдары дінді ұстанған жандардың қандай дінде жүргені, қандай ислам дінін ұстанып жүргеніне мән берілмеді. Ол 2000 жылдардың ортасынан бастап қолға алынды. Содан бастап, дінге деген секемшілік туып, адамдар діннен үркі бастады. Қазір біреу намаз оқыса, мешітке барса, артынан аңдитын халге жеттік. Ата-аналардың қорқатыны соншалық, балаларын мешітке жібермей, ораза ұстатпай тыйым салады. Әрине, оларды кінәлауға болмайды. Өйткені, олардың кезінде дінге қарсы үгіт-насихат жүрді. Енді бәрі жақсарды дегенде өзге діни ағымдардың ықпалы қоғамды жайлап алды. Менің ойымша ата-аналардың қорқуы да орынды сияқты. Бірақ, Жаратушымыздың бар екеніне сеніп, 5 парызын орындап, дінді ұстану ол - әркімнің өз еркі. Дұрыс жолда, дұрыс бағытта жүремін десең ең бірінші діни сауаттылықты арттыру керек. «Жақсылық көрсең Алладан, жамандық көрсең өзіңнен» деген әдемі сөз бар емес пе? Иә, сенің теріс жолға түскенің, жамандыққа тап болғаның, басыңа қара бұлттың төнуі Алланың ісі емес. Алла бәрине тең шапағаты мен мейірімін төгіп тұр. Адамның жамандығы - өзі жасаған ісінің жемісі. Ислам діні – жақсылыққа бастап, жақсылыққа жетелейтін ұлы күш, асыл діңгек. Ол адамдарды тек қана жақсылыққа шақырды. Адамды биікке жетелейтін - иман, білім, адамгершілік. Егер осылардың біреуі болмаса, адамның жарқын өмір сүруі екіталай. Алла әркімнің жасаған амалы мен шынайы пейіліне қарай жақсылық береді. Пенденің биіктеуі қиын, төмен құлдырауы оңай. Сондықтан әр шалыс басқан қадамыңнан қайта тұру тіптен оңай іс емес.

Қорытындылай келе, әр мұсылман адам өз жүрегің иманмен толтыруы қажет. Адамдық болмысын қалыптастырып, алған білім мен тәрбиесін иманмен ұштастыруы керек деп ойлаймын.

Нұрайлым ҚҰБАЕВА,
Филология факультетінің I курс студенті

бөлісті. Студенттермен сұрақ-жауап алмасты. Пікір алмасу барысынан ойға түйгеніміз мол, бастысы - ешнәрседен үркектемей, «көз қорқақ, қол батыр» қағидасымен тек алға қарай ұмтылу қажеттігін аңғардық.

Нұрбибі Қуанышқалиева
ҚТӨ-11-топ («Қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы»)

АҚШ пен КСРО арасындағы «Қырғи-қабақ» соғыс кезінде Кеңес өкіметінің аумағында құрылған әскери нысандардың бірі - Қазақстанның батыс аймағындағы «Капустин Яр» және «Азғыр» полигондары. Бұл екі полигонда ядролық қарумен бірге ұшақтар мен зымырандар сынақтан өткізілді.

КСРО билігі әскери сынақ аймақтары жөніндегі қандай да бір мәліметтерді аса құпия ұстады. Астрахан облысының жеріндегі Капустин Яр селосының атымен аталған полигон «өте құпия» деген грифпен ғана көрсетілді. Полигонның алғашқы әскери басшысы болып генерал-лейтенант В.И.Вознюк тағайындалып, ол бұл құпия әскери объектіні 27 жыл басқарады. Кеңес Одағы 1947 жылы күзде «Капустин Яр» полигонында алғашқы баллистикалық ракетаны ұшырып, сынақты сәтті өткізді.

Сөйтіп, 1947 жылдан іске қосылған «Капустин Яр» әскери сынақ аймағы үшін Батыс Қазақстанның Жаңақала, Орда аудандарының аумағынан 1 555 784 гектар жер бөлінеді. Сондай-ақ, «Азғыр» және «Капустин



Ярдың» «Тайсойған» бөлігі үшін Гурьев облысы да 1,5 миллион гектар жер беруге мәжбүр болады.

Батыс Қазақстан облысы Орда ауданындағы жергілікті халықты республиканың ішкі егіншілік және Оңтүстік Қазақстан облысының мақта шаруашылығы аймақтарына көшіру ісін 1952 жылдың жоспарына енгізу жөніндегі КСРО Министрлер Кеңесінің 1951 жылғы 28 наурызда шығарылған № 4017–Р бұйрығына И.Сталин қол қояды.

1951 жылы 14 желтоқсанда Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің республиканың ішкі көші-қон жоспарын жүзеге асыру жөнінде №1013-119 - С қаулысы шығарылады. Осы қаулы негізінде Орал облыстық еңбекшілер депутаттары атқару комитеті Кеңесінің 1952 жылы 31 қаңтарда № 62 санды: «1952 жылы Батыс Қазақстан облысының 300, атап айтқанда, Жаңақала ауданынан 125, Орда ауданының 175 колхоз шаруашылықтарын Оңтүстік Қазақстан облысының мақта өсіретін аудандарына көшіру жоспары бекітілсін» деген шешімі шығарылады.

Осылайша ата-бабаларымыздың ежелден құтты қонысы болған, шөбі шүйгін, жер асты суы мол, төрт түлік малы үшін жазы сая, қысы пана болған, табиғаты ерекше Нарын құмындағы Орда ауданы халқының Ұлы Отан соғысынан кейінгі тыныштығы тағы да осылай бұзылды.

Сонымен 1952 жылы 11 шілде күні Облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары Полякованың: «Телеграфьте когда отправлен эшелон переселенцами

Южно Казахстанскую область. Высылайте отчет форме три отправке переселенцев эшелоне» деген жедел хатына: «Уральск, Облисполком Поляковой. Переселенцы 223 хозяйства 724 человек 11 июня отправлено эшелон № 2433», – деп Орда аудандық атқару комитетінің төрағасы А.Ваисов жауап береді. Сондай-ақ ол: «Теректі ауылдық кеңесіне қарасты 3 колхоздың 223 отбасындағы 724 адам, 44 сиыр, ірі мүйізді 33 жас мал, 7 қой-ешкіні 43 вагонға тиеп, №2433 эшелонның Батыс Қазақстан облысы, Рязань-Орал темір жолы бойындағы Сайхын бекетінен Оңтүстік Қазақстан облысының Ильичев ауданы, Жетісай ауылына жөнелтілгені айтылған мәлімдемесін жолдайды.

Өрине, атамекенін тастап еріксіз көшу халық үшін оңай болмады. Мұны төмендегі естеліктерден анық көре аламыз. Оңтүстік Қазақстан облысына депортацияланған халықтың арасында болған ақын Қайрат Жұмағалиев: «Орда ауданының «Азғыр» дейтін ауылындағы мектеп-интернаттың 8-класында оқып

жүрген едім. Кенет сабақты тоқтатып, бізді 100 шақырым жерде орналасқан өзіміздің ауыл Айғырқұмға алып келді. ...Содан бір түнде көшірді. Дүние астан-кестең, не болып, не қойып жатқанын ешкім білмейді. Жан-жақтан жиналған әкім-қаралар дік-дік етеді. Жарытып жауап та бермейді. Барлығымызды әскери машинаға тиеп алып теміржолға қарай алып жөнелді. Шымкентке дейін тура 17 күн жүрдік. Жолда кез келген өткізу пункттеріне тоқтаймыз. Қашан қозғаламыз, қайда барамыз, ол жағы беймәлім. Ырғатылып келіп пойыз тоқтағанда жапатармағай түсе қалып, самауыр жағып, шай қайнатып ішеміз. Кейде шай қайнағанша пойыз жүріп кетіп, ыстық суды жерге төге салып, әрең ілінеміз. Қозғалған пойызға асығыс отырам деп жүріп, бір адам темір дөңгелекке басылып қаза тапты. Ауа-райы қоңыржай, жер асты ылғалынан сүзіліп шыққан құдыңтың салқын суына үйренген біздер мында келіп еріксіз арықтың суын іштік. Осыдан іш ауру пайда болып, әсіресе балалар қынадай қырылды. Өлімнің көптігі соншалық, адамдар бір-біріне көңіл айтудан қалады екен. Заң қатты, ешкімді себепсіз жұмыстан босатпайды, өліктерді жерлеудің өзі сын болды ғой. Өлікті жерлейтін адам жоқ. Қандай қасірет еді! Осылай біздің арқамызда ауылдың шетінде айналасы ат шаптырым қорым-зират пайда болды. Тағы бір сұмдықты айтайын: біздің бәрімізде паспорт жоқ, құжатымызды жинап алған. Адам санатында емеспіз. Төлқұжат жоқ. Қайда барамыз. Қашқандардың өзі малын қорасына байлап, отын жағып қойып, ешкімге білдірмей айлы түнде соқа бастарын алып, кетіп жатты. Шіркін,

осының бәрін кезінде айта алмадым», – деп қамығады.

Әскери полигон аймағына айналған Орда ауданының бұдан басқа 4 ауылдық кеңесіне (Азғыр, Батырбек, Сүйіндік, Лабай) қарасты жерлері көрші Гурьев (қазіргі Атырау) облысына беріледі.

Сондай-ақ, Қасымтау және Талап ауылдық кеңестеріне қарасты «Көсем», «Бастауыш», «Энгельс», «Талап» т.б. колхоздарының халқы мал-жанымен облыстың ішкі Жымпиты, Фурманов, Чапаев, Тайпақ аудандарына мал-мүлкімен еріксіз көшірілген. Алайда олардың ыдырамай, бірыңғай орналасуына ерекше көңіл бөлінген.

Солай десек те, облыстың ішкі аудандарына депортацияға ұшыраған халықтың туған жерін қимағандағы әлеуметтік-психологиялық жан қиналысын ел ішінде ауызша айтылатын әңгімелер анық аңғартады. Осы орайда әкем марқұм өзінің 70 жастағы атасы туралы: «Өзге жердің топырағын аяғыммен баспаймын деп Ордадан осы Чапаев ауданына келгенше жылап келіп еді, тілегі болды ма, жүк тиеген машинадан түсерде құлап, аяғы сынып, бір айдан кейін қайтыс болды», – деп отыратын.

Сондай-ақ, Ордадан депортацияланған көшті бастап, шамамен 500 шақырым жердегі республиканың ішкі Чапаев ауданы (қазір Ақжайық ауданы, Алғабас ауылы) Киров колхозына келген Қадеш Иманғалиұлының қазақтың «Елім - ай» өлеңімен бір сарынды жазылған мына 30 шумақ өлең жолдары кім-кімді де тебірентері анық.

Жыл еді мың тоғыз жыл елу екі,
Қаулы алды көшіруге біздің елді.
Осыған ыңғайлы боп Орда жері.
Осындай әрбір түрлі жағдайменен,
Қалайда ел көшуге тура келді.
Көшу де туған жерден болмады оңай,
Жоғарыдан келген бұйрық болды солай.
...Өсірген тәрбиелеп ата-анамның,
Кетелік бір күн түнеп моласына - ай,
Бабалар ақтық рет келіп тұрмын,
Әдеппен сәлемімді беріп тұрмын.
Бұрынғы тіршіліктерің ойға түсіп,
Қайтейін, көздің жасын төгіп тұрмын.
Жатсаң да тілекші бол бабаларым,
Туысқан үлкен - кіші балаларым,
Біз кеттік Ақжайыққа дәмі тартып,
Қалды ғой бабалармен қайран Нарын.
...Үн - түнсіз келе жатыр көшкен халық
Көңілсіз бір-біріне сөз айтарға.
...Қайырлы қоныс болғай келген жерім.

Демек, бұл бейбіт күнде атамекені әскери сынақ алаңына айналдырылып, елінен еріксіз қуылған Орда ауданы халқының жан тебіренісі. Ресей патша өкіметінің тапсырмасымен алғаш монографиялық еңбек жазған А.И.Левшин қазақтар жөнінде: «Қазақтар туған жерін, атамекенін қатты қастерлейді, кір жуып, кіндік кескен жерінен ешкім ешқайда кетпейді», – деп қазақ халқының туған жерін ерекше қадір тұтатын ұлттық мінезіне көңіл аударған болатын. Алайда тоталитарлық билік басындағылар қазақтың ұлттық ерекшелігімен санасып жатпады.

Қорыта айтқанда, Ұлы Отан соғысы қарсаңында Қазақстанға күшпен қоныс аударылған халықтардың қасіретін, Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін туған жері әскери сынақ аймағына айналып, ішкі депортацияға ұшыраған қазақ халқы да басынан кешірді. Ұлт тарихында орын алған бұл оқиға жас ұрпақтың тәуелсіздіктің қасиетті ұғым екенін сезінуіне септігін тигізеді деген ойдамыз.

Б.С. БОРАНБАЕВА,
Дүниежүзілік тарих және әлеуметтік-саяси пәндер кафедрасының доценті, т.ғ.к.

12 ақпан күні Табиғат және экология музейінде «Табиғат тағдыры – адам тағдыры» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Шараға «ҚР экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі экологиялық реттеу және бақылау комитетінің Батыс Қазақстан облысы бойынша экология департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің экологиялық бақылау бөлімінің бас маманы Т.К.Сугурбаев, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың биология және экология кафедрасының оқытушысы а.ғ.ш.к. Н.Р.Мулдаханов және география кафедрасының доценті, т.ғ.к. С.К.Рамазанов, «БҚО табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының» Орал орман және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің инженері Қ.Г.Шамуратова, Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық – техникалық университетінің жанындағы ғылыми – зерттеу орталығының маманы, Батыс Қазақстан облысының полиция департаментінің, табиғат қорғау полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры А.Б.Жумашев, М.Өтемісов атындағы БҚМУ-дың география факультеті экология мамандығының студенттері, Орал гуманитарлық колледжінің студенттері, музей қызметкерлері мен БАҚ өкілдері қатысты. Дөңгелек үстелді өткізудегі мақсат – Батыс Қазақстан облысының экологиялық жағдайы жайында арнайы мамандардың

Табиғат тағдыры – адам тағдыры



пікірімен таныса отырып, қазіргі таңдағы өршіп тұрған мәселелерді талқылау арқылы болашақ биолог - эколог мамандардың қоршаған ортаны қорғауға назарын аудару. Қоршаған ортаның ластануы мен қоғамның

экологиялық мәселелерін түсіндіре отырып, экологиялық білімін тереңдету.

Р.Н.МУЛДАХАНОВ,
М.Өтемісов атындағы БҚМУ а.ғ.ш.к.

My WKSU story has started in 2019. After finishing school I thought that university was only about studying. I could not even imagine how many opportunities the university provided. Distinctive feature of WKSU is its family-like atmosphere. Older students are always ready to help and guide you if it is needed. For instance, during my foundation time senior students are always ready to assist, answer questions and advise on academic and nonacademic issues. So, do not be afraid or shy to ask for help, people are always ready to help you there.



My best memories at WKSU are strongly tied with extracurricular activities. First year is the best time to explore new things, overcome your weaknesses and find what you like. I heard about Student Government, Debate club and Volunteering for the first time during my first semester. So it was not easy for me to choose one of them. I didn't have time to participate in them right away. At last I chose Debate club called 'AQIQAT', because it seemed closer to my heart. Members of this club are helpful, kind and always ready to help freshmen. At first we did not know how to debate, so we're interested in elder debaters' games. Then our elder debaters showed us main structures of the game. At the moment I am trying to be a good debate player. So I want to say that one of the most important thing that I have learned at WKSU is that nothing is impossible or unattainable. Challenges definitely exist, but if you dream about something, it becomes much easier to set the goals and achieve them. Debate helped me to become more self-confident, develop public speaking and meet many interesting people. WKSU community became my source of inspiration that drove me to be a better version of myself and pursue my dream.

So don't be afraid of challenges, follow your dreams and enjoy being WKSU student!

Khadida Sailaubayeva,
1st year student of specialty «Foreign language:
two foreign languages», member of 'AQIQAT'
debate club

4 Trainees' workdays

4 years in lecture rooms, daily classes, university events, parties, teachers and group mates. Of course it is easy to get used to all this, but fourth year students are almost at the finish line. That's a State Practice.

From January 20 to April 12, the graduation courses of WKSU will undergo practice. Someone in firms and companies, someone in other government agencies, but since the bulk are teachers, many students are in schools.

How do trainees' workdays go?

Students of the specialty **"Foreign Language: Two Foreign Languages"**:

«Our state pedagogical practice is held in secondary school No. 45. There are 7 trainees here. We teach in the 5th-6th grades, they study in the 2nd shift. We arrive at school at 1 p.m. and most often we are here until the evening. We conduct English classes; also attend classes of our group mates. We have noticed that the children are different. Everyone has their own whims and features. But they are all very cute and clever. All of them can find a way to the teacher's heart, so teachers try to do the same», - says **Sandugash Tiektesova**.

A trainee of the same school **Kaiyrbay Aknur**: «We studied the psychology of children, collected a methodical materials, i.e. illustrations and various tables with rules regarding our subject, we were taught how to write a short-term lesson plan, etc. on the methodological disciplines at the university. That time I could not think that all of this would be so useful in our practice. Now I understand that if they are useful to us in practice, then they will come in handy in our future work. Therefore, nothing done in vain, everything was necessary».

Student of the specialty **"Kazakh language and literature"** **Udaeva Shattyk**: «I am now in practice at the school-gymnasium No. 42. I teach my subject, as well as perform the duties of a class teacher in the 5th grade. That is, organization of various events and competitions, class hours, promenades and so on. We all know what pedagogy is. It is not the easiest thing. According to the updated education program, teachers have more paperwork, I think. But working with children suppresses all fatigue. Especially, I like that the teachers of this school help us and support in any questions».

Yes, the trainee is a full-fledged teacher who has put on his shoulders the knowledge gained at the university and in life. They are also ready to share their bright moments from practice, as this is a fundamental experience for the future teacher. Therefore, we wish the graduates successful state practice, beloved students and a lot of inspiration.



Saya **DUISENBAY**



Школа-вуз

ИЗУЧАЕМ НАСЛЕДИЕ АБАЯ. СТАРТ ДАН

Программную статью Касым-Жомарта Токаева «Абай и Казахстан в XXI веке» учителя школы обсудили на заседании методического объединения учителей русского языка, литературы, истории. Творчество Абая должен знать каждый казахстанец. Нам есть чему учиться у гениального поэта, просветителя.

В школе запланирован ряд мероприятий среди учащихся 5-11 классов. Цель: достойно отметить 175-летний юбилей Абая Кунанбаева, ознакомить учащихся с творчеством основоположника казахской литературы.

С 3 по 7 февраля 2020 года в областной специализированной школе №8 проводилась Неделя русского языка, литературы и истории. 5 февраля в 6 классах проводилось внеклассное мероприятие «Великие личности в литературе Казахстана». Ученики подготовили презентацию, выступили с докладами о творчестве Абая Кунанбаева, анализировали отрывки из произведений Абая и романа Мухтара Ауэзова «Путь Абая», подготовили кроссворды. Данный раздел изучается по программе русского языка. 6 февраля библиотекарем школы Арыковой М.О. и учителем русского языка и литературы Тасеменовым Г.С. проводились Абаяевские чтения с целью популяризации литературного творчества великого казахского поэта, совершенствования навыков выразительного чтения. Ученики 5-10 классов выразительно читали стихотворения Абая Кунанбаева на русском и казахском

языках, «Слова назидания» на 3 языках, исполнили песню «Көзімнің қарасы». Учитель самопознания Ганиева О.П. готовила с учениками иллюстрации к изучаемым произведениям, обсуждала темы, затронутые Абаем в «Словах назидания». Проведена литературно-музыкальная гостиная для учеников 8-11 классов.

В течение недели был проведён челлендж, где учащиеся и учителя школы читали «Слова назидания». На уроках русского, английского и казахского языков учителя Нармухамедова Н.М., Ахметуллаева Т.А., Латышева Н.К., Тасеменова Г.С., Хамитова Г.Ж. работали над расширением словарного запаса учащихся, предлагая в качестве фонетической речевой зарядки

строчки из «Слов назидания» Абая.

Всем известно, что хорошая речь – это показатель интеллектуального и нравственного развития человека. Такая речь свидетельствует о начитанности, внутренней культуре, развитой логике мышления. Благодаря изучению творчества Абая Кунанбаева ожидаемый результат был достигнут: улучшение памяти, внимания, красноречия, навыков ораторского искусства, и, безусловно, задача каждого проведённого мероприятия – это нравственное воспитание учащихся. По итогам проведения Недели готовится к выпуску сборник эссе учащихся. Праздничные мероприятия, посвящённые юбилею Абая Кунанбаева, будут продолжены по плану. Главное, старт дан.

Гульмира ТАСЕМЕНОВА,
учитель русского языка и литературы
областной специализированной школы № 8
для одарённых детей города Уральска





Ұлттық бренд

Көрнекті ғалым-философ Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы қазіргі Ұлы Даламыз - Қазақ елінің аумағындағы Отырар қаласында туған. «Адамзаттың екінші ұстазы», «Шығыстың Аристотелі» атанған энциклопедист ғалым, Ислам пәлсапасының алып қайраткерінің толық тегі, аты-жөні – Әбу Насыр Мұхаммед ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби ат-Турки. Ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби һижра жыл санауы бойынша 329 жылы Дамаскіде қайтыс болып, сол жерде жерленген, кесенесі де сол жерде. Кемеңгер ұстаздың туған жері, балалық шағы, есімі, өмірден озуы өз алдына бөлек әңгіме.

Әбу Насыр әл-Фараби - Шығыс әлемінің рухани ұстазы

Бүгінде бізді «көп ойласаң, дана боларсың» қағидасына сай, Әбу Насыр әл-Фараби ойшылдығы, ғұламалығы таңғалтпай қоймайды. Тұңғыық терең білімқорлыққа қалай қол жетпек. Туа біткен таланттылық па. Дау жоқ, жаратылысы бөлек тұлға. Ақиқаты – Әбу Насыр әл-Фарабидің тұңғыық ғұламалығы, теңіздей терең білімпаздығы білуге, білім-ғылымды игеру, меңгеру құмарлығының ағыл-тегілділігінде. Ал жас өскін ұрпақ бойына осы ізгі құмарлық, игі ынтызарлық қайдан жұғысты болмақ. Ұстаздан, жақсы ұстаз өнегесінен. Ұстазы мықтының ұстамы мықтылығы содан. Ойлантпай қоймайды. Десек те, зерттеушілер әл-Фарабиді өздігінен шарқ ұра іздене жүріп, басын тауға да, тасқа да соға жүріп, аса табандылық танытуымен жетілген ғалым деседі. Мәселен, айтулы тарихшы Ибн Халликанның жазбаларына сүйенсек, әл-Фараби Аристотельдің «Метафизиканың» 40 рет, «Жан туралы» туындысын 100 рет, ал «Риторика» атты трактатын 200 рет оқығаны туралы дерек келтірілген. Неткен табандылық десеңізші! Тіпті, бізге жеткен деректерге үңіле бағдарласақ, ғұлама Әбу Насыр сөз қадірін ерекше жоғары бағалаған, ғалымды ағыл-тегіл, аста-төк байлық емес, уақыт қадірі, адамдық биік парыз терең ойлантқан. Қарапайым да қанағатшыл болған. Қолға алған, бастаған ісін жалғастыруды, тереңдетуді, жазбаларының қалың көпшілікке қолжетімді әрі түсінікті болуын ойлаған. Қысқасы, ғұлама ойшыл қара қарынның тойғанына мәз болмаған, қара басының амандығын ғана ойламаған. Жаратушы Тәңіріне тағызым ете білген. Ғұламаны руханият мәселесі ерекше толғантқан. Нәтижеде әл-Фарабидің ғылыми мол мұрасы бүгінде бүкіл әлемдік ғылым дамуының тарихи іретасы, бастау көзі ретінде бағаланған. Ұлы ойшылдың 160-тан астам трактатында көрініс тапқан шығармашылық мұрасы ғылым атаулының негізгі бағыттарын дамытуға ерекше ықпал еткен. Ғалым математика, физика, метафизика, филология, химия, биология, философия, астрономия, минерология, медицина, логика, әлеуметтану, саясаттану, құқықтану, дінтану, музыка, этика және тағы басқа да салаларға өлшеусіз үлес қосқан. Әл-Фараби мұрасын зерттеуді алғашқы болып қолға алған, еліміздегі фарабитанудың ірге тасын қалаушы ғалым Ақжан Машани: «Әл-Фараби ғылым мен өнердің барлық саласында өшпес із қалдырған», -дей келе: - «Әл-Фараби мен Абай арасын жақындастыру, үндестіру – халқымыздың мыңжылдық мәдени-рухани дүниесін тірілту деген сөз», - деп түйіндейді. Ал белгілі шығыстанушы ғалым Әбсаттар қажы Дербісәлі: «Әбу Насыр әл-Фараби ғылымның пәлсапа, логика сияқты салаларының іргетасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып, олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Өуез жайлы да күрделі зерттеулер жүргізген, математика саласында үлкен жаңалықтар ашқан, астрономия жайлы кесек-кесек еңбектер қалдырған, физика ғылымын да тың ойлармен байытқан. Жаратылыстану ғылымының медицина, химия, минералогия секілді аса маңызды салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазған. Көне грек оқымыстыларының пікірлеріндегі озық қағидаларды талдаған», -деп ой түйі де бекер болмаса керек.

Дау жоқ, ғалым трактаттарындағы тұңғыық қилы тұжырымдарды түсіну белгілі бір жоғары деңгейді, ішкі дайындық пен сананы қажет етері анық. Асылы, бидің сөзін құл да айтады, бірақ ауызының дуасы жоқ. Ұлы Даланың ұлағатты тұлғасы Әбу Насыр әл-Фараби – дуалы ауыз тұлға. Ойшыл адам мақсатына өзін-өзі жетілдіру арқылы жетерін баса айтады. Бұл аксиомалық ойға имандай сенесің, себебі Әбу Насырдың өзі де өмір бойы тап осы қағидатты басты кредо етті емес пе. Нәтижеде телегей табысқа, кемел парасатқа жетті емес пе. Өкініштісі, тап осы аксиомалық тезиске екiнiң бiрi мүлдем мән бермейдi, бастапқыда тiптi түсiнбейдi, кештеу ойланып жатамыз. Адам санасының жаңғыруы нәтижелі жаңалыққа әкелмек. Шын білімді ақиқат, анық білім деп ұққан ғалым білім құған жанның ойы

күнделікті күйбеңнен көп алыста жатарын бағдарлай келе, білімді болуды жаңалық ашуға қабілетті болу тұрғысында пайымдайды. Осыдан кейін білімге, білуге ұмтылмай гөр! Өз кеуденде өзіңе Америка ашқың келсе, өз-өзіңді танығың келсе, түбірімен өзіңді түлеткің келсе, білімге ұмтыл. Өзге жол жоқ. Жетік біліміңнің айқын көрінісі – сенің білігің. Тек білім ғана телегей-теңіз білік қалыптастырмақ. Бірегей білігің – Сіздің күнделікті алуан жағдаяттағы ұтымды сөзіңіз, сізге еселей қуаныш сыйлар күнделікті қисынды да мақсатты мағыналы іс-әрекетіңіз. Адам баласының межелеген айқын мақсаты арқасында тұлға ретінде сомдалуға септесер білік-жүйе молая түспек. Демек, білімің - білігің, сөзің – өзің. Бұл саты ғылым өріне өрлетпек. Ғұламаның айтуынша, ғылым адам санасына болмысы бөлек, ерекше ұшқырлы ұғымдарды орнықтыру арқылы ғана терең ұяламақ. Олай болса, ғылыммен айналысар адамның ақыл-ойы айқын, ерік-жігері зор, тілек-мақсаты ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жай ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек. Демек, бүгінде қаншама қажет болғанымен ғылымға бет бұру, ғылыммен айналысу еріккеннің ермегі емес. Білім-тәжірибе, ғылым-ілім нәтижесі адам бойына орасан ақыл-парасат сыйлайды. Білім-ғылымның құдіреті осында. Ал адамға ғана тән ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсылық пен жаман қылықтың аражігін ашуына бірден-бір жәрдемдесер, бірден-бір көмектесер бірегей құдіретті күш іспетті құбылыс.

Әбу Насыр әл-Фараби – Шығыс әлемінің рухани ұстазы. Ғұлама адам бойындағы мінез-құлық мінін рухани кеселге балайды. Мінезді жанның айнасы деуі де осыдан болса керек. Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы өзге емес, тек жақсы мінез-құлыққа байланыстылығы тегін емес. Қалай болғанда да мінез бен ақыл жарасса, адамгершілік ұтары даусыз.

Бұл ғаламда әр адамның өз орны барлығын мойындар болсақ, ғұлама ар, адалдық, адамгершілік қасиеттерін алғы кезекке қояды. Ақиқаттың адалдықпен ағзаластығын айта келіп, ар-ождан алдындағы адалдық өз қадір-қасиетіңе, ізгі іс-әрекетіңе байланыстылығын баса көрсетеді, тіпті бұл ретте «өзгенің пікірін иемденіп кетудің надандық һәм ниеті арам адамға лайық іс» екендігін болжайды. Таңғалар тұс, бүгінде көз майыңды ағызып, маңдай теріңді тамызып, ми ашыта, жан қинай, сансыз секундыңды сарп ете терлеп-тепшіп жазған жазбаларыңды екiнiң бiрi мысқал да ойланбастан, еш шiмiрiкпестен селт етпей көшiрiп алып, өз аттарынан жариялай саларын көргенде ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің сөзі еске түсері көміл. О, заман-ай десеңші! Өз бойында жоқ қасиеттерге құмар кісінің көлгір келері де осыдан болса керек-ті.

Өркімнің өзі шығар биігі бар десек, Әбу Насыр әл-Фараби - өзіндік шырқау биігіне шыға білген, бір өзі-ақ бір университет бола алған заңғар тұлға. Ғұлама тұлға тұғырының берік болуына баса мән береді. Мына әлемді адасудан жартылай құтқарар тек тәрбиелі тұлғалар екендігіне көміл сенеді, сендіреді. Сәйкесінше, тәрбиелеуді адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту тұрғысында таразылайды. Тәрбие – толыққанды тұлға қалыптасуының басы. Әбу Насыр әл-Фарабише, адамның тоқымашы не атбегі болып тұмайтыны тәрізді, қайырымдылық пен қайырымсыздық та жаратылыстан бойға бітпейді. Егер де адамның төндік жаратылысы дамуының негізгі көрсеткіші дененің саулығы болса, адам атаулы кез келген жұмысқа жарамды бола бермейді. Десек те, адам атаулының жақсы әрекеттер жасауға да, жаман әрекеттер жасауға да туа бітті мүмкіндігі мен қабілет-қарымы жетері даусыз. Тек дұрыс әрекет мақсатқа жеткізер жолды дұрыс таңдаудан басталмақ. Асылы, ең тамаша әрекет - бақытқа қол жеткізетін еркіндік болса керек-ті. Ал еркіндік аясында қол жеткізер бақыт, қуаныш және ләззат сезімдері асқан сұлу, ең әсем және



аса көркем дүниелерді қолмен ұстағандай айқын және кемел дүниелер ретінде танып-білу арқылы ғана пайда болып, толық болмысқа ие болмақ. Дұрысы - ізгі де қажетті шаруа атқарған адамның бәсі де жоғары болуы тиіс. Кезекті қарапайым аксиома. Ұлы тұжырымдар қашан да қарапайым болып келмей ме? Бізде солай ма? Өкінішке орай, бізде көбінесе керісінше. Мәселен, педагог мәртебесі турасында енді-енді қолға алудамыз. Қуанарлығы - бұл бағыттағы істе оңды қозғалыстың барлығы. Жалпы өз ісіңнің білгірі һәм шебері атану үшін жақсы жұмыс істеп, жетік білуге ұмтылу қажет-ақ. Тек қандай әрекет жасап, қандай іс істер болсаңыз да, игілігін көріп, рақатына бөленуді мақсат тұтқан жөн.

Әбу Насыр әл-Фарабидің ойшылдығына үңіле келе, таңдай қағарлық бір құбылыс - данышпан кеудесінен өнген сериалды түйіндердің бір-біріне қарама-қайшы келмей, қайта бір-бірін толықтыра, толыстыра байыта түсетіндігі, тұтастана толығымен тәңті ететіндігі. Мәселен, ғұлама адамға тән бір жақсы қасиет өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, одан рухани нәр алу өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алуы дей келе, тән ауырса, жан да ауыратындығы, сұлу саз жан сергітерлігі тұрғысында толғатады. Музыканы рухтың, құмарлық пен ынтызарлықтың, әр алуан көңіл-күйдің ісі, музыканың негізгі міндеті адамның эстетикалық қажетін өтеуі десек, ғалым өнердің теориясын меңгеруді өнерге қатысты мәселелерді ақыл арқылы ұғыну, оның қабілетін игеру тұрғысында дәл болжауы Әбу Насыр ғұламаның өз қағидатына тастай берік, гүлдей нәзік жан болғанын аңғартады. Өнертану тұңғығына бойлай алу білігі де енді түсінікті. Ол - энциклопедиялық тұрғыда тұңғыық білімді жан. Нәтижеде айналысар болсаң, әр іске де өзге дүниені ұмыта, беріле кіріс, сонда ғана шынайы түйінге қол жетері, шын беріле қызықтаған нәрсе ғана жүрекке жетері айқындығын аңғартады. Не болмаса, ғұламаның ұстаздық, достық хақындағы тұжырым-түйіндері де ақиқат дәлдігімен тамсантпай қоймайды. Ұстаздық мінез-құлық нормасына келгенде ұстаз атаулы тым қатал да болмауы, тым ырыққа жығыла да бермеуі тиістілігін айтады. Өйткені аса қаталдық шәкіртін өзіне қарсы қоярын, ал тым ырыққа көне берудің, жығыла берудің ұстаз қадірін кетіретін, берген білімі мен ғылымына шәкіртінің селқос қарауына әкелерін, құдды бір эксперимент жасағандай дәл анықтайды. Өмірдің өзінен өрілген ойлы түйіндер. Бір ғажабы, Әбу Насыр әл-Фарабидің қай трактатының қай тарауын оқысаңыз да ойлантпай қоймас ойлы тұжырымдарға кенелеріңіз даусыз. Мәселен, ғұлама дос хақында ой өруге келгенде, құдды бір ақынға айналғандай күй кешеді. «Өрге жүзген өнегелі ісімен, таңда адал дос өз теңіңнің ішінен» деп, ыссылай қаппай дос атаулыны таңдай біл дей келе, аузы күйген үрлеп ішетініндей «досың дос болғанға шаттан, дұшпанмен дос болудан сақтан», «дұшпаныңнан бір сақтан, жаман достан мың сақтан» дегендей, «жүргендер көп достық атын малданып, қалмағайсың сен де бірде алданып» деп «өзі саққа құдай жақ» сатысында сақтандырады. Бейқамдықтың сәтсіздікке бастар алғышарт боларын астын сыза атайды. Ғұлама қай іске де табандылықтың, төзімділіктің қажеттілігін жоққа шығармайды. Ғалым табандылықты талпыныс тәжі тұрғысында пайымдап, «тіршілікте құрыштай бол төзімді, сан мәрте ел алдаса да өзіңді, тағдырыңды еш уақытта жазғырма, кезде дағы өзөзілдер азғырған» тұрғысында түйіндейді.

Қысқасы, ғұлама өнер біткеннің бәрі бір адамның құшағына сыймайтынын білсе де, «ғақлия көзбен қарасаң, дүние – ғажап, сен – есік. жаһлы көзбен қарасаң, дүние – қоқыс, сен - меншік» деп өмір бойы шарқ ұра ізденумен өткен. «Көп іздеген көмбе үстінен шығады» дегендей, ғалым ізденгіштігіне шек жоқ. Ғалым өмірінің басты мәні де – тар жол, тайғақ кешулі кезеңдердегі сан тараулы қилы қиындықтарға мойымастан, жүнжіп кетпестен аса сабырлылықпен ізденуінде, ғалам құпияларына бойлауында. Ғұламаның еш уақытта толдым, толыстым, жеттім, жеңдім демеуі де бүгінгі жаңа ұрпаққа тағылым болса керек-ті. Ақырында ғұлама Әбу Насыр әл-Фарабидің өзі «даналар талай нысан тапқанымен, тапқан жоқ тектің тегін әлі бірі» деп кейінгіге үміт арта өткен екен. О, дүние-ай десеңші!

Абат ҚЫДЫРШАЕВ,
Қазақстан Педагогикалық ғылымдары академиясының академигі


ОТЧЕТ О НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ И МЕЖДУНАРОДНЫМ СВЯЗЯМ ЗКГУ им. М.УТЕМИСОВА ЗА 2019 г.

(Продолжение. Начало на 9 стр.)


ППС и сотрудниками ЗКГУ им.М.Утемисова было опубликовано **21** статья в зарубежных изданиях с импакт-фактором, в том числе **13** статей в журналах, входящих в базу данных «Scopus», «Thomson Reuters», «Elsevier»,

«Springer».


По результатам исследований в 2019 г. опубликовано **726** статей, из них **13** в журналах с импакт-фактором Scopus и Thomson Reuters. Получено **19** свидетельств об авторском праве и опубликовано **11** монографии.



Динамика публикаций ППС в журналах с импакт-фактором Scopus и Thomson Reuters за 2012-2019 гг.



Динамика опубликованных монографий за 2017-2019 гг.



Динамика и структура научных статей ППС за 2017-2019 гг.

В ноябре 2019 г. были подготовлены и отправлены документы в Комитет по контролю в сфере образования и науки МОН РК для включения научных направлений «Биология и экология» и «География» научного журнала «Вестник ЗКГУ» в перечень рекомендованных научных изданий. По итогам заседания комиссии в декабре было принято решение о включении научного направления «География» научного журнала в перечень рекомендованных изданий.

Заседание комиссии по научному направлению «Биология и экология» запланировано в феврале 2020 г.

Факультетами были разработаны Дорожные карты подготовки научно-педагогических кадров на 2019-2022 годы. В 2019 г. за счет целевых мест МОН РК на обучение в докторантуру высших учебных заведений Казахстана были направлены на обучение **6** преподавателей и сотрудников, из них поступило **2** (а также самостоятельно **5**); за счет средств университета были направлены на обучение в очную аспирантуру высших учебных заведений России **11** (естественно-географический факультет – 5, физико-математический факультет – 1, факультет истории, экономики и права – 1, педагогический

факультет – 2, филологический факультет – 1, факультет культуры и искусства – 1, преподавателей и сотрудников.

План по обучению преподавателей и сотрудников в докторантуре высших учебных заведений Казахстана за счет средств университета не был выполнен всеми факультетами, а план по обучению в аспирантуре не был реализован 5 факультетами из-за недостаточной системной работы на факультетах с научно-педагогическими кадрами и слабой заинтересованности ППС.

В 2019 г. были организованы и проведены **2** международных и **3** республиканские научно-практические конференции:

1) Международная научно-практическая конференция «Педагогический опыт и инновации в сфере культуры, искусства и образования», посвященная 65-летию Заслуженной артистки РК, доцента Ж.А. Рахимовой (24 октября);

2) Международная научно-практическая конференция «Ұлт санасының жаңғыруы және ұлы дала құндылықтары»;

3) Республиканская научно-практическая конференция «Ивановские чтения – 2019», посвященная 90-летию со дня рождения ведущего ученого, профессора Фартушиной Марии Максимовны (26-27 сентября).

4) Республиканская научно-практическая конференция «Подготовка специалистов для казахстанской школы: обновление содержания и связь с практикой» (5-6 марта).

5) Республиканская научно-практическая конференция «Актуальные проблемы развития системы образования Казахстана в условиях трансформации духовной жизни современного общества» (6 декабря).

В 2019 году было заключено 6 договоров:

1) Технологический университет Таджикистана, Республика Таджикистан, г. Душанбе;

2) Оренбургский государственный педагогический университет, РФ, г.Оренбург;

3) ТОО «Технопарк Алгоритм», г.Уральск;

4) Институт истории и этнологии им.Ч.Валиханова Комитета науки МОН РК, г.Алматы;

5) Представительство МОО «Penal Reform International» (Международная Тюремная Реформа) в Центральной Азии;

6) КазИТУ «Институт зоологии» КН МОН РК.

Пролонгированные в 2019 году договоры: РК – 3, РФ – 7.

В 2019 г. в республиканских предметных олимпиадах приняли участие **31** команда ЗКГУ им. М.Утемисова, **18** из которых заняли призовые места (в личном зачете студенты университета заняли **14** призовых мест). По каждому факультету были подготовлены команды из 382 обучающихся, которые приняли участие в конкурсах, олимпиадах и т.п. в странах СНГ и зарубежья и **371** студентов и команд заняли призовые места.

По итогам проведенных работ более 149 студентов приняли участие в работе отечественных и зарубежных научных конференций.

В 2019 г. **107** лучших работ студентов были отправлены на республиканский конкурс НИРС. По результатам конкурса **11** студентов заняли призовые места и **4** студента получили благодарственные письма МОН РК.

В течение года проводилась работа по разработке проектов, развитию и созданию стартапов. В отборочном этапе Национального конкурса молодежных бизнес-проектов «Menin Armanym» в ЗКО принимали участие более **40** стартап-проектов студентов и магистрантов ЗКГУ им. М.Утемисова. Из них **19** стартап-проектов менторами были рекомендованы на ¼ финала конкурса. В настоящее время реализуются 3 стартап-проекта с участием ППС и студентов.

Значимые результаты 2019 года

Научный журнал «Вестник ЗКГУ»:

- Включен в РИНЦ (Российский индекс научного цитирования): РИНЦ - российский индекс.

- Получен в Международном центре стандартных номеров серийных изданий (г. Париж) электронный ISSN журнала.

- Журнал включен в Crossref (Международная ассоциация издателей, США) (присвоение каждому опубликованному материалу международного цифрового идентификатора DOI (Digital Object Identifier)).

Задачи на 2020 год:

- Разработка и реализация дорожной карты развития научной работы и международных связей ЗКГУ им.М.Утемисова на 2020 г.

К.М.АХМЕДЕНОВ,

проректор по научной работе и международным связям ЗКГУ им.М.Утемисова, кандидат географических наук, ассоциированный профессор.



Чемпионаттан жеңілі

4-7 ақпан күндері тоғызқұмалақтан классика және блиц түрлері бойынша жасөспірімдер мен жастар арасында Батыс Қазақстан облысының жекелі чемпионаты өткен болатын. Аталмыш чемпионаттың мақсаты - тоғызқұмалақ ойынын халық арасында кеңінен насихаттау, спорттық шеберлікті және зияткерлік қабілетті жетілдіру.

Осы жарыста 19-21 жастағы қыздар арасындағы бөсекенен М.Өтемисов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінің студенттері жеңімпаз атанды. Атап айтсақ, Фкс-21 тобының студенті Ализа Ерниязова классикадан 2-орын, блицтен 1-орын жүлдегері атанса, Фкс-23 тобының студенті Сандұғаш Болысбай классикадан 1-орын, блицтен 3-орынды иеленді. Ал Фкс-15 тобының студенті Дильназ Ерниязова классикадан 2-орын, блицтен 1-орынды иеленіп, Нұр-Сұлтан қаласында өтетін жекелі чемпионатқа жолдама алды. Жеңімпаздарды шын жүректен құттықтаймыз!

РЕДАКЦИЯҒА КЕЛІП ТҮСКЕН МАТЕРИАЛДАР ӨНДЕЛЕДІ. ҚОЛЖАЗБАЛАР АВТОРЛАРЫНА КЕРІ ҚАЙТАРЫЛМАЙДЫ. ДЕРЕКТЕРДІҢ ДӨЛДІГІ ҮШІН АВТОР ЖАУАПТЫ. ЖАРИЯЛАНЫМ АВТОРЛАРЫНЫҢ ПІКІРЛЕРІ РЕДАКЦИЯ КӨЗҚАРАСЫН БІЛДІРМЕЙДІ.

МЕНШІК ИЕСІ:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті.

Газет айына бір рет шығады.

Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде 14.06.1995ж. тіркеліп, тіркеу туралы нөмірі №11390-Г куәлігі берілген.

ҚР Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінің келісімімен мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін 10.12.2012ж. қайта есепке алу туралы №13213-Г куәлігі берілген.

Таралымы 800. Тапсырыс № 406

РЕДАКТОР: Азиза СУЙНШКАЛИЕВА

ТІЛШІЛЕР: Сая ДҮЙСЕНБАЙ, Аида ОРАЗОВА, Нұрайлым ҚҰБАЕВА, Гүлбибі БАҚЫТБАЕВА, Аңзәлі ЖОНЫСОВА

СПОРТ-ТІЛШІ: НҰРЛЫБЕК НАУРЫЗБАЕВ

КОРРЕКТОР: Алтыншаш ДАНДЫКУЛОВА

БЕТ ҚҰРУШЫ & ДИЗАЙН:

Асель АБДУЛЛИНА

ФОТОСУРЕТ:

Рафхат ХАЛЕЛОВ, Оқу теледидары және графикалық жобалау зертханасы

Газет Редакциялық баспа орталығында теріліп, беттелді.

«Көкше-Полиграфия» АҚ баспаханасында басылды.

Мекен жайы: Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Ауельбеков көшесі, 98. Тел.: 8-716-2-25-14-90

Мекен-жайымыз: 090006, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 162, тел.: 50-94-45. Біздің сайт: www.wksu.kz, e-mail: orken.gazeti@mail.ru